Биылғы оқу жылы университеттегі студенттер контингентінің басым негізін құрайтын ауыл жастарының шығармашылық әлеуетін көтеріп, оларды рухани жасампаздыққа, эстетикалық, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды зерделеуге баулитын және жас таланттарды қолдау мақсатында жұмыс істейтін «Мәдениеттану» кафедрасы ашылды. Бұл кафедра – республикадағы жоғары оқу орындарының ішінде тек біздің университетте ғана бар, мақсат-міндеті жағынан бірегей құрылымдық бөлімше болып табылады. «Мәдениеттану» кафедрасы студент жастардың өзіндік дербес өсуі мен өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан жетілдіруге, ұжымда жұмыс істеу дағдысын, олардың коммуникативтік мәдениетін қалыптасуына ықпал ететін іс-шараларға, талантты жастардың басын біріктіретін барлық үйірмелер мен клубтардың жұмысына басшылық етіп, университет көлемінде өтетін салтанатты концерттер мен әртүрлі кештердің ұйымдастырылуына ұйытқы болады. Соның айғағы – үстіміздегі оқу жылының бірінші жартыжылдығында аталған кафедраның ұйымдастыруымен 1 қарашада «Студент қатарына қабылдау рәсімі», 24-25 қарашадағы «Халықаралық білім және ғылым қауымдастығына серпінді интеграциялану» тақырыбындағы халықаралық семинар аясында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мерекесіне орай ұйымдастырылған «Тәуелсіз елім – тағдырым менің» атты тарихи-

танымдық, әдеби-сазды кештің жоғары дәрежеде өтуі.

Студент жастар бойына салауатты өмір салты негіздерін сіңіруге бағытталған жұмыстарды жүргізу, оларды нашакорлықтан, зиянды әдеттерден аулақ ету болашақ маманның қоғамдық, ұжымдық ортадағы жағымды бет-бейнесін қалыптастыруға септігін тигізетіні анық. «Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» жұмысына жетекшілік ететін денешынықтыру және спорт кафедрасы университет көлемінде жүргізілетін спорттық-бұқаралық шаралар мен жарыстардың ұйымдастырылуына жауапты болып табылады. Жыл сайын дәстүрлі түрде профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер арасында «Денсаулық» спартакиадасы, факультетаралық спартакиадалар мен спорт түрлерінен жарыстар өткізіліп тұрады. Салауатты өмір салтын насихаттайтын семинарлар мен дөңгелек үстелдер, тәлімгерлер сағаттары, арнайы мамандармен ұйымдастырылатын кездесу кештері және т.б. іс-шаралар студенттердің адам ағзасының мүмкіндіктері мен қызметінің ерекшеліктерін болжау, зиянды әдеттердің салдарлары, адамның дене, рухани, моралдық саулығы арасындағы өзара байланыс туралы білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ волейболдан, футболдан, баскетболдан, бокстан, қазақша күрестен және аэробикадан үйірмелер тұрақты түрде жұмыс істеп, студенттердің дене дайындығын жетілдіруге және бос уақытын тиімді өткізуге септігін тигізуде. Университеттің ірі спорт кешені мен 2 стадионы аталған іс-шараларды өз дәрежесінде өткізуге ықпал етеді.

Аграрлық университеттегі тәрбие жұмысының тағы бір бірегей көрсеткіші – республика бойынша тұңғыш рет ашылған «Достық» студенттік ассамблеясының тәжірибесі. Студенттік жастар бойында қазақстандық патриотизм, толеранттылық, төзімділік, ұлтаралық келісім мен татулық құндылықтарын насихаттайтын, университет қабырғасында оқып жүрген әртүрлі ұлт өкілдерінің басын біріктіретін бұл ассамблея құрамына қазақ, славян, неміс, ұйғыр, корей, татар мәдени орталықтары кіреді. Студенттік ассамблея Елбасы Н.Назарбаев бастамасымен құрылған Қазақстан халқы ассамблеясының басшылығымен жұмыс істеп келеді.

Студенттердің азаматтық белсенділігін дамыту, олардың бойына патриоттық құндылықтарды сіңіру бағытында Елбасының дәстүрлі Жолдауларын талдап-талқылау, танымал саяси,

мемлекеттік, қоғам қайраткерлерімен және ақын-жазушылармен кездесулер жүргізіліп отырады.

Студент өмірін, әрине, жатақханасыз елестету мүмкін емес. Қазіргі таңда университет қарамағындағы 7 жатақхана студент жастардың екінші үйіне айналды. Жатақханадағы жастардың бос уақытын мәнді өткізу жұмыстары студенттік қалашық жетекшілігінің жоспарына сәйкес жүргізіліп отырады.

Жоғарыда аталған тәрбие бағыттарын жүзеге асыруда университет студенттерінің өзін-өзі басқару органдары белсене жұмыс атқарып келе жатқанын баса айту қажет. Құқықтық және демократиялық қоғамдағы өмір үшін белсенді жастар дайындаудың бірден-бір жолы да – осы студенттердің өзін-өзі басқаруы екені айқын. Республикадағы жоғары оқу орындары ішінде студенттердің өзін-өзі басқару тәжірибесі алғаш Алматы зооветеринарлық институтында басталғаны қалың көпшілікке белгілі. Бұның өзі аграрлық университет студенттерінің қашанда бастамашыл, белсенді, жаңашыл болғанын көрсетсе керек. Қазір қоғамымызда қалың көпшілікке танымал О.Байгелді, А.Есімов, Т.Есполов, С.Үмбетов, Б.Жексенбин, А.Мырзахметов және т.б. қайраткерлер осы қарашаңырақтағы студенттік өзін-өзі басқару органынан өсіп қанаттанғаны бізге үлкен мәртебе.

Қазіргі таңда университеттің студенттік өзін-өзі басқару органы кең өкілеттіліктерге ие. Олардың өз әкімшілігі, конституциясы, лого типі, жеке куәлігі, басқа да тұғырнамалары бар. Студенттердің өзін-өзі басқару құрылымына жастар кеңесі, студенттер кәсіподақ ұйымы, факультеттердегі студенттер деканаты, жатақханалардағы студенттер кеңесі енеді. Олардың құзырына университеттегі оқу-тәрбие жұмыстарының оңтайлы ұйымдастырылуына қатысу, жастарды мәдени-бұқаралық жұмыстарға шоғырландыру, студент жастар мүддесі мен құқығын қорғау, олардың әлеуметтік-тұрмыстық проблемаларын шешуге атсалысу міндеттері кіреді. Студенттердің өзін-өзі басқару жұмысына жастар саясаты бөлімі басшылық етеді. Студенттік өзін-өзі басқару қоғамдық студенттік бастаманы қолдау, жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ету, әлеуметтік белсенді тұлға қалыптастыру сияқты заманауи қажеттіліктерді жүзеге асырудың бір әдісі болып табылады. Бұл студенттердің бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға, студенттердің қоғамдық белсенді бірлестіктері ролін күшейтуге, бір-біріне талап қоя білуге,

жағымды әлеуметтік ахуал қалыптастыруға тәрбиелейді. Жастардың позитивтік ынталарын қолдау олардың бойында көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеуге көмектеседі, жастарды әлеуметтендіру үдерісіне оң ықпал етеді. Студенттердің өзін-өзі басқару ортасында, ұжымда жұмыс істей білетін, және іс жүзінде басқару дағдыларына ие болған, әлеуметтік жағынан шыңдалған мұндай жастар-егемен еліміз экономикасының өркендеуіне өз үлесін қосатын, ертеңіне нық сеніммен қарай алатын, басқарушылық қабілеті дамыған білікті маман болатыны анық.

Елбасы Н.Назарбаевтың: «Елімізге бойына

ата-бабамыздың елмен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, егемен елімізге аянбай қызмет ететін, ой-өрісі кең, алғыр да жүректі сауатты да салауатты азаматтар керек» деген тамаша тұжырымын бағдар еткен Қазақ ұлттық аграрлық университеті жаһандану кезеңінде өз міндетін – жоғары білікті, бәсекеге қабілетті кадрлар дайындауды оның шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруымен, азаматтық қоғамның нағыз белсенді мүшесін қалыптастыруымен үйлесімді ұштастырған, өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие беру мәселесін ұтымды жүзеге асырып отырған таңдаулы оқу орны екенін мақтанышпен айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы, Жеті Жарғы, 2005
2. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2011ж
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсанындағы №1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы.

Резюме

В статье рассматривается опыт воспитательной работы в КазНАУ в условиях интеграции в мировое образовательное пространство.

Summary

This article are devoted to considered directions of educational works and a private experience conducting at KazNAU in occurrence process in the world education and scientific space.

Абишев Майдан Айтмуханбетович-
*Директор института социально-гуманитарного
образования и воспитания им. О. Сулейменова*

**ИНСТИТУТ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ И
ВОСПИТАНИЯ ИМЕНИ О.СУЛЕЙМЕНОВА - ЦЕНТР ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ
РАБОТЫ В КАЗАХСКОМ НАЦИОНАЛЬНОМ
АГРАРНОМ УНИВЕРСИТЕТЕ**

В современных условиях вопросы воспитания студенческой молодежи приобрели особое значение. Государству необходимо воспитать человека нового типа, органически сочетающего в себе профессионализм, духовное богатство, моральную чистоту и физическое совершенство.

Проходящие в стране реформы особенно нуждаются в активной поддержке молодого поколения, которое должно овладевать знаниями и сокровищами духовного наследия всех казахстанцев, крепить единство, обеспечивать стабильность и безопасность страны, быть патриотами своего Отечества.

Высшее учебное заведение имеет самое непосредственное отношение к реализации молодежной политики, решению политических задач. Молодежь приходит в вуз в момент выбора жизненного пути, здесь за годы учебы закладываются основы профессиональной подготовки. Стратегическим ориентиром в развитии образования в Республике Казахстан является идея формирования новой генерации высококвалифицированных граждан Казахстана – конкурентоспособной нации.

Казахский национальный аграрный университет ориентирован на подготовку высококвалифицированных специалистов аграрного сектора. Эту задачу возможно решить, создавая условия для воспитания разносторонне развитой, компетентной, поликультурной личности. Важной особенностью является активное использование новых форм работы с молодежью, не только способствующих формированию у студентов профессиональных качеств, но и раскрывающих их таланты и способности.

С этой целью в Казахском национальном аграрном университете был создан Институт социально-гуманитарного образования и воспитания. Институт объединяет кафедры социально-гуманитарного профиля, молодежные центры, основной целью которых является духовно-нравственное и патриотическое воспитание студенческой молодежи.

В состав института входят 5 общеобразовательных кафедр университета: казахского языка, русского языка, иностранных языков, общественных дисциплин и физического воспитания и спорта.

Коллектив института в своей работе придерживается пожеланий, которые высказал в ежегодном Послании глава государства Н.Назарбаева: «Нас интересуют не просто специалисты, досконально знающие свой предмет. Это должны быть истинные патриоты, знающие историю, традиции своего народа, люди, которые гордятся тем, что они казахстанцы».

Готовя профессиональные кадры для агропромышленной отрасли страны, нельзя забывать, что наши выпускники в большинстве своем будут работать в условиях села и представлять интеллигенцию нового поколения, поэтому большое внимание уделяется тому, чтобы они смогли активно участвовать и в развитии культуры и инфраструктуры села.

В этой связи в рамках созданного центра духовно-нравственного воспитания молодежи студенты приобщаются к участию в кружках художественной самодеятельности (танцевальный, айтыс-терме, домбровский, фольклорный, хоровой, народного творчества, драматический, драмы, поэзии), проведению различных конкурсов, встреч, КВН, круглых столов и поэтических чтений по произведениям видных поэтов и писателей Казахстана.

Интеллектуальному развитию студентов в университете уделяется также большое внимание, поскольку оно предполагает формирование активной гражданской позиции, выбор правильных политических ориентиров в обществе. Эти качества хорошо развиваются через приобщение студентов к политологическим играм, которые осуществляются через дебатные турниры. В университете создан Дебетный центр, в составе которого казахская, русская и английская лиги. Студенты - дебаты неоднократно занимали призовые места не только на республиканских, но и международных

дебатных турнирах, проходивших в Киргизии, Узбекистане и России.

Кафедра общественных дисциплин совместно с Центром интеллектуального развития личности уделяет большое внимание формированию активной гражданской позиции, а также правильному политическому ориентиру студентов КазНАУ в современном мире. Преподаватели проводят большую воспитательную работу по формированию гармонично развитой личности студентов и воспитанию их патриотического мировоззрения. В этих целях кафедрой разработаны в 2010 году «Концепция реализации государственной молодежной политики в Казахском национальном аграрном университете», в 2011 году «Концепция патриотического воспитания студентов КазНАУ». В рамках концепций проведена студенческая акция под лозунгом «Мы патриоты Казахстана, Мы – патриоты КазНАУ» с охватом более 1600 студентов университета и более 200 студентов из других университетов города Алматы. Практическое воплощение разработанных концепций получило свое отражение в ходе проведения круглого стола «Роль молодежных организаций вузов Алматы в реализации государственной молодежной политики «РК». Стало традицией проведение ежегодных форумов «Студенты и молодежь поддерживают Послание Президента Республики Казахстан».

В связи с внеочередными президентскими выборами 3 апреля 2011 года кафедрой опубликованы статьи на русском языке в газетах «Казахстанская правда», «Страна и мир», «Вечерний Алматы». На казахском языке были опубликованы статьи в 10 газетах и журналах, Члены кафедры принимали участие в передачах телеканалов: «Хабар», «Казахстан», «Алматы», «31».

На языковые кафедры института возложена ответственность за деятельность центра по реализации программы трехязычия в студенческой среде.

Кафедра казахского языка совместно с кафедрой иностранных языков курирует работу Центра духовно-нравственного и эстетического воспитания. В рамках центра работают 9 кружков художественной самодеятельности.

Работа кафедры казахского языка направлена на воспитание патриотов родины, обладающих этически ответственным отношением к миру, инновационным, творческим типом мышления,

развитой мировоззренческой культурой. Они должны быть способны начать самостоятельную достойную жизнь, продолжить обучение на более высоком уровне и найти со временем свое место на рынке труда, стать конкурентно-способными специалистами. Актуальность языкового развития обусловлена демократизацией и гуманизацией образовательного процесса, целями и задачами духовного развития студенческой молодежи. Приоритетное концептуальное направление в сфере нравственного воспитания студенчества предусматривает организацию лингвокультурологического центра, способствующего формированию у студентов представления о культурных ценностях Казахстана и всего человечества, приобщающего к этнографическому анализу и приобретению знаний о системе духовных ценностей. На кафедре разработаны планы воспитательной работы в контексте общеуниверситетской программы, который включает ряд мероприятий: «Ұмытылмас желтоқсан», «Ана -тіршіліктің қайнар бұлағы», «КазУАУ ханшайымы -2011» и тд.

Кафедра русского языка активно работает формированию казахстанской идентичности межнационального согласия, руководит студенческой Ассамблеей «Достык».

Впервые среди вузов РК в КазНАУ была создана студенческая ассамблея «Достык», презентация которой под девизом «Мы – единый народ Казахстана», прошла в Доме дружбы Республиканской ассамблеи народов Казахстан которая является куратором нашей студенческой ассамблеи. Ежегодно ряды ассамблеи пополняются за счет студентов разных национальностей 1 курса всех факультетов.

Основной целью студенческой ассамблеи является укрепление дружбы, патриотизма, казахстанской идентичности и межэтнического согласия в студенческой среде при консолидирующей роли казахского языка и культуры казахского народа. Не случайно девизом ассамблеи является - «Мы - единый народ Казахстана. Мы - казахстанцы!».

В текущем учебном году кафедра подготовила и провела музыкально-театрализованную постановку «Война, прошедшая сквозь наши сердца», посвященную 66-ой годовщине Победы в Великой Отечественной войне. Она была показано ветеранам войны, бывшим сотрудникам КазНАУ. Мероприятие получило широкий резонанс как внутри университета, так и в республиканских средствах массовой

информации, в частности в репортажах телеканалов «Хабар», КТК, ТАН и др.

Кафедрой физического воспитания и спорта и центром по формированию здорового образа жизни ведется работа по пропаганде здорового образа жизни среди студентов и более широкому их привлечению в различные спортивные секции.

Преподаватели кафедры физвоспитания и спорта постоянно ведут воспитательную работу со студентами университета, формируя у них здоровый образ жизни. Преподаватели кафедры привлекали студентов для участия в различных спортивно-массовых мероприятиях как внутри университета, так и в районных, городских и республиканских соревнованиях.

Формирование у подрастающего поколения казахстанского патриотизма, готовности к защите отечества, верности своему долгу, изучению героического прошлого и настоящего Казахстана возложена на Центра патриотического воспитания.

Через Центр военно-патриотического воспитания у студентов проходят формирование казахстанского патриотизма, привитие любви и готовности к защите Отечества, верности своему долгу, гордости и ответственности за принадлежность своему государству.

Ежегодно кафедра военной подготовки совместно со студенческим центром духовно-нравственного и интернационального воспитания, центром патриотического воспитания и студенческой ассамблеей «Достык» проводит торжественное мероприятие, посвященное празднованию Дня Победы. Перед собравшимися студенты показывают большую композицию «Никто – не забыт, ничто – не забыто!», посвященную Великой Отечественной войне (драматические сценки, стихи, песни военных лет). Завершается военная тематика патриотическим концертом «Цвети – мой родной Казахстан!».

За активную работу по патриотическому воспитанию молодежи коллектив военной кафедры неоднократно награждался благодарственными письмами Акимата Медеуского района г. Алматы.

Наш институт уделяет большое внимание реализации молодежной политики. Подтверждением этому стало проведение на базе КазНАУ первого форума молодежи города Алматы на тему «Реализация молодежной политики в РК. Проблемы и перспективы развития», совместно с партией «НУР ОТАН»,

круглого стола на тему «Молодежь - будущее Казахстана, его стратегический ресурс» а также многочисленные конференции и круглые столы, посвященные государственным праздникам РК.

Сегодня молодежь должна обладать новыми качествами для того, чтобы соответствовать требованиям нового тысячелетия. Кого мы подготовим для села, будет ли наш выпускник востребован на рынке труда, будет ли он патриотом своего Отечества, будет ли представителем лучшей интеллигенции, достойно представляя Казахстан не только в нашей стране, но и на международном уровне, ведь все это должно быть заложено в стенах университета.

Рассматривая учебно-воспитательный процесс как главное условие формирования гармонично-развитой личности XXI века, мы определили новые подходы к его осуществлению, с учетом требований современного общества. Перед высшей школой стоит задача не только подготовить высококвалифицированные кадры, способные в условиях рыночной экономики на высоком профессиональном уровне квалифицированно выполнять свою работу, но и органически сочетать в себе духовное богатство, моральную чистоту, патриотизм и физическое совершенство. Другими словами, мы должны готовить социально ориентированную личность, соответствующую требованиям времени.

Исходя из этой цели, строилась вся учебно-воспитательная работа в институте. На кафедры социально-гуманитарных дисциплин возложена задача - возглавить методологическое, мировоззренческое и гуманитарное обеспечение как учебного, так и воспитательного процесса в университете. В этом плане им было предоставлено широкое поле деятельности, дано право по пересмотру программы учебных дисциплин в направлениях, которые формируют потребность у студентов в изучении народной сокровищницы в области истории, литературы, культуры и языка казахского народа. Хорошей традицией в нашем институте стала воспитание молодежи на примере выдающихся • личностей. Очень интересно проходят встречи видными женщинами, представителями Парламента и Сената РК, учеными и писателями.

Во все времена молодому поколению нужны примеры таких личностей, ярко отражающих саму эпоху. Сегодня одним из таких людей можно по праву назвать народного поэта, учёного-мыслителя, общественного и политического деятеля Олжаса Омаровича Сулейменова,

который \л-клар среди десяти самых выдающихся людей Казахстана – Человеком XX века.

В 2006 году по инициативе студентов нашего университета Институту социально-гуманитарного образования и воспитания было присвоено имя Олжаса Омаровича Сулейменова.

На примере жизненного пути О.Сулейменова мы стремимся развить у молодого поколения такие нравственные чувства, как совесть, ответственность, гражданственность, патриотизм, толерантность. В этом плане художественное творчество поэта, его общественно-политическая деятельность является самым благодатным материалом.

Хотелось бы особо отметить роль О.Сулейменова в жизни нашего института и всего университета. Преподаватели института проводят много мероприятий, связанных с деятельностью О.Сулейменова. Проходят встречи с профессорско-преподавательским составом КазНАУ, со студентами, которые читают его стихи на казахском, русском, английском и французском языках. В Институте ведется серьезная работа по изучению творчества О.Сулейменова, проводятся круглые столы и научные конференции студенты в рамках лингвистического кружка «Лира» знакомятся с биографией поэта, выступают с научными сообщениями по его творчеству. Молодые люди открывают мир Олжаса, мир знаний, страницы истории человечества и своего народа. Перед ними, как в зеркале, раскрываются по истине эпохальные события.

Живое общение с поэтом в стенах родного университета оставляют неизгладимые впечатления в душе всех студентов. Дорожит этим и сам О.Сулейменов: «Когда бываю в Алматы, часто встречаюсь со студентами Казахского национального аграрного университета. Люблю аудиторию юношей и девушек из аулов. Они все по пять лет учебы активно впитывают в себя знания и культуру нашей страны, соединенной со всем миром. Я рад, что этому аспекту придается в КазНАУ особое значение. У них действует на правах Института Центр гуманитарного

развития студентов, штатным советником которого имею честь быть».

В прошлом году в стенах университета была проведена международная научно-практическая конференция, посвященная 20-летию международного антиядерного движения «Невада, Семипалатинск», на которой лидером движения О.Сулейменовым, была оглашена инициатива о сборе подписей под воззванием «Молодежь Казахстана - против ядерного оружия». Подписные листы в электронном формате будут отосланы в адрес Генеральной Ассамблеи ООН Казахстан как и двадцать лет назад может стать инициатором глобальной созидательной инициативы - «Молодежь планеты - против ядерного оружия».

В Институте был разработан план мероприятия по проведению 75-летия О.О.Сулейменов; 27 апреля 2011 года в университете проведен круглый стол на тему «О.Сулейменов и актуальные проблемы современного общества».

17 мая 2011 года в актовом зале КазНАУ под руководством кафедры русского языка было проведено музыкально-театрализованное представление «Под знаком Олжаса: Айналайын, Земля моя!», посвященное юбилею О. Сулейменова. Почетными гостями данного мероприятия были известные общественные деятели, руководство КазНАУ, представители СМИ. Представление получило положительный отклик среди гостей и студенчества. Высокий уровень проведенного мероприятия отметили сам юбиляр, который в своем выступлении искренне поблагодарил студентов, участвовавших в мероприятии и руководство КазНАУ.

В спортивном зале КазНАУ с 16 по 18 мая был проведен Международный турнир по волейболу среди клубных команд ветеранов, посвященных юбилею О.Сулейменова. В турнире приняли участие команды из Узбекистана, России, а также городов Шымкента, Талдыкоргана, Павлодара, Хромтау и 5 команд из города Алматы. На официальном открытии и закрытии турнира присутствовали корреспонденты телеканалов «Хабар», «СТВ», «Рахат», «Астана», «Алматы», «СТВ», «Тан».

ЛИТЕРАТУРА:

1. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века, Алматы: Онер, 1996
2. Әбшев М.А. Халықпен тағдырлас азамат ақын. Жұлдыз, №10, 2006 жыл.
3. Абишев М.А. Казахстан на пути к безядерному миру. Сборник материалов научно-практической

конференции. Алматы, 2008

4. Пугасов М. Будущее принадлежит вам. Боритесь за него// Казахстанская правда, 6.06.2009

Түйін

Мақалада жоғары оқу орындарында, оның ішінде Қазақ ұлттық аграрлық университетіндегі тәрбие беру үрдісі мен бағыттары туралы айтылған.

Summary

Institute of social-humane education and upbringing after name O.Suleimcnov-centre of upbringing in KazNAU. The article deals about Institute which united chair of social-humane profile, youth centre, basic aim of student youth appear of inner-moral and patriotic upbringing.

**Борбасов Сайын Молдағалиұлы-
«Қоғамдық пәндер» кафедрасының меңгерушісі,
саяси ғылымдарының докторы, профессор**

ТӘУЕЛСІЗДІК-ЖАСАМПАЗ ДАМУ ТІРЕГІ

Қазақ халқы ғасырлар бойы жеке өркениетті ел болуды, әлем халықтарының даму көшінен қалмауды көкседі. Дамыған елдерде қалыптасқан адамзат жетістіктерінің озық үлгілерін ұлт мақсаты үшін пайдалануды іске асыруды ойлады. Осы мақсатқа жетудің түрлі жолдарын ұлтымыздың рухани көсемдері үнемі айтумен болды. Білімді, ғылымды, мәдениетті, тәрбиені, озық технологияны, сапалы өнімді, халықтың материалдық әлауқатын жақсартуды қамтамасыз ететін экономиканы ұйымдастырудың тиімді жолдары туралы ұлтымыздың зиялы қауымының ұсыныстары жеткілікті. Осы көкейтесті мақсат-міндеттерді өмірге енгізу 1991 жылы 16 желтоқсанда қол жеткен Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің арқасында ғана іске асты. Тәуелсіздік қазақ халқының және барлық қазақстандықтардың арман-мұраттарына жол ашқан ұлы құндылыққа айналды. Көкірегі ояу, ұлтжандылығы мен отансүйгіштік санасы бар азамат үшін тәуелсіз мемлекетте өмір сүруден артық бақыт жоқ екендігі шындық.

Әр адам тұлға ретінде өзінің өмірі мен тағдырын әртүрлі бағалайтыны заңдылық. Біреулер үшін жеке басының және жанұясының жақсы, бай-қуатты өмірі болуы жеткілікті. Оны ұлттың, ел мен жердің, қоғамның тағдыры мен жағдайы сондайлықтай алаңдатпауы мүмкін. Ал

екінші бір адам өз бақытын, жанұя бақыты мен болашағын елі мен жерінің бақытты тыныш өмірінен ажыратып қарамайды. Ол үшін өз келешегі мемлекетінің келешегімен біртұтас. Алаш арыстары осындай тұлға мен ұлт бірлігін армандап өткенін тарихтан белгілі. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде дамуы мен өркендеуі осы екінші топтағы саналы, мемлекетшіл тұлғалардың көп болуына және елде толық басым болуына байланысты деп білеміз. Мемлекеттілік пен ұлтжандылық болмаған жерде немесе осы рухани феномендер әлсіреген жерде тәуелсіз мемлекет те әлсірейтіндігін тарих тәжірибесі үздіксіз дәлелдеп келеді. Мемлекет, билік және халық одағын нығайтуды қамтамасыз еткен саясат қана табысты. Осы саясат жеке тұлғаның да игілікті өміріне жағдай туғызады.

Өркениетті дамыған мемлекет-жеке адамға, ұлтқа, халыққа дұрыс, әділетті тәртіптер жасалған өмір сыйлауға қабілетті мемлекет. Ал, сыртқы қатынастарда өркениетті мемлекет өзінің егеменділігін, жер тұтастығын сақтайтын қорғанысқа қабілетті бар мемлекет. Нағыз дамыған, өркениетті ел-бейбітшілікті, ынтымақты, татулықты және экономикалық жаңаруды жүргізе алатын мемлекет. Осындай әлемнің саяси-құқықтық және рухани-мәдени жетістіктеріне негізделген тәуелсіз мемлекетті құру ісі Қазақстанда Кеңес Одағы

толық күйремей тұрғанда-ақ басталды. Егемендікке негіз болған, тәуелсіздіктің ірге тасын қалаған құжат «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ ССР Жоғарғы Советінің II-ші сессиясында қабылданды.

Қазақстан үшін тарихи құжат болған Декларация ұлттық сананың өрлеуі мен тәуелсіздік үшін күрестің баянды болуы жағдайында қабылданды. Кеңес Одағы құрамынан еркін шығу құқығын сақтай отыра Декларация 2 бабында «Қазақ ССР-і ұлттық мемлекеттілігін сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданды», -деп жариялады. Елдің тарихи иесі қазақ ұлтының және басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрін, тілдерін дамыту ел мемлекеттілігін нығайтудың маңызды міндеттері ретінде аталды /1/. Қазақ ССР-нің заңдарының ел территориясындағы Одақ заңдарынан үстемдігі танылды. Осы арқылы Декларация тәуелсіз мемлекет құрудың құқықтық алаңын ашып берді. Қазақстан әлемнің 46 еліне шашылып кеткен қазақ ұлтының тарихи Отаны ретінде танылды және шетелде тұратын қазақтардың ұлттық-мәдени, рухани, тілдік дамуына қамқорлық жасайтындығы ескертілді. Ел тәуелсіз, өзінің мақсат-міндеттеріне сай келетін сыртқы саясат жүргізетіндігін жариялады. Өркениетті мемлекеттерге тән атқарушы, заң шығарушы, сот биліктерінің бөліну принципі белгіленді. Декларацияда Қазақстанның парламенттік-президенттік республикаға айналуының нақты жолдары мен бағыттары белгіленді. Қазақстанның әкімшілдік-территориялық біртұтастығы толықтай елдің мемлекеттік билігінің құзырына берілді. Егемендік туралы Декларацияның 17 бабының әрқайсысы Қазақстандағы тәуелсіз ел жасаудың, өркениетті мемлекет болудың нақты әрекеттерін бастауға жетеледі.

Тәуелсіз, өркениетті және демократиялық мемлекет құрудың тарихи шаралары 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңынан басталды /2/. Бұл Заң Қазақстанның дамуының жаңа дәуірін ашты. Өркениетті елдер шешуге тиісті міндеттер Қазақстанның алдында

қойылды. Тәуелсіздік туралы заң қабылданар алдында 1991 жылғы 10 желтоқсанда «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын Қазақстан Республикасы деп өзгерту туралы» Қазақ ССР-нің Заңы қабылданған болатын. Осылайша әлемнің саяси картасында жаңа мемлекет пайда болды.

Кеңес Одағы құлағаннан кейінгі терең дағдарыстық жағдайдан шығу міндеттерін шұғыл шешу шаралары басталды. Осы қиыншылықтарға қарамастан егеменді ел өзінің алдына әлемнің XX ғасырдың 90-шы жылдарындағы 190 мемлекеттің ең озық елдері қойған тарихи міндеттерді қойды. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңында Қазақстан өзін тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет деп жариялады. Елдің аумағында өкімет билігі толық тәуелсіз ішкі және сыртқы саясатты жүргізуге құқылы болды. Қазақстан өз Конституциясы мен заңдарына ғана сәйкес өмір сүретін, қоғамдық қатынастарды ұйымдастыратын елге айналды.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңының қабылдауынан 1995 жылғы Қазақстан Республикасының 2-ші Конституциялық қабылдауына дейінгі жылдарды егемен Қазақстанның қалыптастыруының бірінші кезеңі ретінде бағалауға болады. Бірінші кезеңнің ерекшелігі Кеңес Одағы құлауынан туған дағдарыстық құбылыстардың салдарларын жеңу және тәуелсіз елдің түбегейлі жаңа экономикалық саяси жүйелерінің ірге тасын қалау болды. Осы жылдарда Қазақстан өркениетті мемлекет құрудың негізін қалап, тоталитарлық кеңістік жүйеден жалпыадамзаттық өркениеттілік жүйесіне бетбұрыс жасады.

Ал, адамзаттық жоғары дамыған өркениеттілік демократия, нарықтық экономика, озық технология, ғылым мен білімнің дамуы, адам факторы, сапалы және бәсекеге қабілетті өнім, инновациялық даму сияқты маңызды сапалық белгілерді қалыптастыруға байланысты жүзеге асыратыны белгілі. Халықтың игілікті өміріне бөгет болатын кедейшілік, жұмыссыздық, бағаның қымбаттауы, қылмыскерлік, паракорлық сияқты девияттық құбылыстарды

азайту мәселелері күн тәртібінде ерекше тұрды. Гиперинфляция, тұтыныс заттарының жетіспеушілігі, азық-түлік тауарларының тапшылығы сияқты қауіпті әлеуметтік мәселелер ушығып тұрды.

Егеменді мемлекет ретінде дамудың бірінші кезеңінде Қазақстан ауыр қиыншылықтарға қарамастан, қоғамдық қатынастардың нарықтық сипатын қамтамасыз еткен экономикалық реформалар жасай алды. Қазақстан кеңестік экономикалық жүйеден ғана емес этатистік социалистік саяси жүйеден де құтылды. 1995 жылғы Конституция елде дамыған демократиялық мемлекеттерге тән саяси және әлеуметтік жүйелерді орнықтырудың жаңа кезеңін бастады. Социалистік қоғам жете алмаған дамыған өркениет құндылықтарын «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтар» /3/ деп, Ата заңы бірінші кезекке қойды.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде дамуының екінші кезеңінде 1996-2007 жылдар аралығында өзінің Конституциясында таңдаған негізгі құндылықтарын іске асыруға кірісті. Билік тармақтарының қызметтерінің бөлінуі, биліктің сайлануы, заңның үстем болуы жағдайында Қазақстан қоғамда демократиялық мемлекет принциптері үстем бола бастады. Мемлекеттің ең жоғарғы лауазым иесі – Президентті жалпыхалықтық сайлау таңдады. Елді демократияландыру үдерісі саяси партиялардың Парламентті жасақтаудағы рөлінің артуы, заң шығарушы орган Парламенттің құзіретінің кеңеюіне әкелген 2007 жылғы Конституциялық толықтырулармен және өзгертулермен сипатталады.

2007 жылдан бастап Қазақстан дамуының үшінші кезеңіне, яғни дамыған өркениетке қарай жылжудың саяси тұрақты, эволюциялық жолына түсті деп бағалаймыз. Үшінші кезеңде Қазақстан әлемдік қаржылық және экономикалық дағдарыстармен белсенді күресе алатындығын көрсетті. Нарықтық қатынастарды одан әрмен жетілдіруді әлемнің озық үлгілерін тартатын және елдің

ішкі өндірістік қуаттарын іске қосатын үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асырумен байланыстыра бастады.

ТМД мемлекеттері арасында Қазақстан Кеңес Одағы ыдырауынан кейінгі посткеңестік дағдарыстан жылдам шыға алды. 1997 жылдан бастап ел экономикасы қалпына келіп қалыпты даму жолына түсе бастаса, 1998 жылы жиындық ішкі өнімінің нақты өсуіне қол жеткізілді. Экономиканың жандануына 1997 жылы қабылданған «Қазақстан-2030 Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты реформалар стратегиясы ерекше серпін берді. Финанс жүйесін реформалау, зейнетақы реформасы, салық заңдары реформасы ойдағыдай жүзеге асырылды. Шетел инвестицияларын тартуға қолайлы жағдай жасалынды. «Алдымен экономика, одан кейін саясат» формуласын басшылыққа алған Қазақстан билігі саяси реформаларды саналы түрде кешеуілдетті.

Алдымен елді меңдеп алған кедейлікті, қайшылықты азайтып. Тұтыныс заттар тапшылығын жою міндеті шешілді. Экономикалық реформалар 1992 жылы қаңтар айында бағаны ырықтандырудан басталса, 1993 жылғы қаңтарда халық шаруашылығының негізгі салаларын жекешелендіру ұлттық бағдарламасы қабылданды. 1993 жылдың сәуір айында Ресей Федерациясы Қазақстанды рубль аймағынан итеріп шығарғаннан кейін ұлттық валюта теңге енгізілді. Осы 1992-1993 жылдарды Қазақстанды егеменді экономикалық саясат жүргізуінің бастауы деп бағалауға болады. Халықты дағдарыстан шығару үшін қолда бар ресурстарды шашпау керек еді. Осы мақсатта 15 айға созылған қатаң ақша-кредиттік саясаты іске асырылды. Бұл бағдарлама инфляцияны тезеп, ұлттық ақшаны бұрақтандырып, елге шетел инвестицияларын тартуға жағдай жасады. Экономикалық реформалар елдегі инфляциялық үрдістерді әлсіретті. Егер 1993 жылы инфляция көлемі 2265 пайызға жетсе, 1996 жылы 25 пайызға дейін азайды. Тәуелсіз елдің экономикасының даму жолына түсуі ел халқының материалдық әл-ауқатының біртіндеп Кеңес Одағының

1989 жылы қалпына келіп, одан кейін еселей дамуға әкелді.

Нарықтық қатынастармен қатар Қазақстанда демократиялық мемлекет құру шаралары басталды. Елде батыстық либералдық құндылықтар орнығуы үдерісі күшейді. Гуманитарлық салада ізгілікті, әділетті, адамды қорғау мәселелеріне қоғам ерекше ден қойды. Осы мәселелерге 1995 жылы қабылданған екінші Конституцияда үлкен назар аударылды. Қазақстан қоғамының ең жоғарғы қазынасы – адам өмірі, бостандығы, ар-намысы мен қадір-қасиеті екендігі айтылды. Әрбір адамның еңбекке қабілетін, шығармашылығын, саяси және қоғамдық өмірге белсене араласуын қамтамасыз ету мәселесі конституциялық принцип ретінде бекітілді.

Демократияның, гуманизмнің, әлеуметтік әділеттіліктің заңмен бекітілуі, мемлекеттің дамуының негізгі векторларына айналуы Қазақстанның дамыған өркениетті мемлекеттер қатарына қарай жылжуын қамтамасыз етті. Елдің осы бағытта дамуына «Қазақстанды әлемнің бәсекеге қабілетті, дамыған 50 мемлекеттің қатарына қосу» идеясын іс жүзіне айналдыру шаралары маңызды рөл атқарды. Бұл ұран Қазақстан халқын, бизнесін нақты сапалық даму мәселелерімен айналысуға бастады.

Әрине, тәуелсіз мемлекетті құру, оның экономикасын, саяси жүйесін және әлеуметтік қатынастарын қалыптастыру оңай шешілген жоқ. Қазақстан зор қиыншылықтарды жеңіп, тәуелсіздіктің тауқыметті жолында жетістіктерге біртіндеп жетті. Ол қиыншылықтар бірінші кезекте Қазақстан экономикасының шикізаттық сипатына, оның Ресей мен басқа республикалардың экономикаларына тікелей тәуелділігіне байланысты еді. Кеңес Одағы ыдыраған кезеңде елдегі ірі кәсіпорындардың басым көпшілігі шаруашылық байланыстарының үзіліп қалу салдарынан жұмыстарын тоқтатты. Осының кесірінен бұрын-соңды болмаған жұмыссыздық өршіді. 1992-1995 жылдар аралығында тұтыныс заттарының және азық-түліктің тапшылығы шиеленісті. Электр энергиясының жетіспеушілігінен көптеген елді мәселелерде жарық жиі өшірілді. Инфляция үдерісі бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. 2-3 жылда

инфляция 1300 пайыздан асып жығылды. Елде ақша тапшылығы, жалақы мен зейнетақының уақтысында берілмеуі орын алды. Көптеген кәсіпорын жұмысшылары мен бюджеттік мекемелер қызметкерлері 4-5 айлап тиісті жалақыларын ала алмай жүрді. Экономикалық дадарыс кезеңінде елде түрлі қылмыскерлік өршіп кетті. Ұйымдасқан қылмыстық топтар рэккет, рейдерлік, финанстық пирамидалар, жалған кәсіпкерлік т.б. зиянды әрекеттерін үдетті. Қарапайым халық қайыршыланып, әлеуметтік оптимизмнен айрыла бастады. Тек 1991-1994 жылдары ғана Қазақстан халқының кедейленуі 3 еседен артық өсті. Осы жылдарда елдің жан басына шаққандағы жиынтық өнімі 2400 АҚШ долларынан құлады.

Қазақстанда жүргізілген экономикалық реформалар ел халқын осыншалықты дәрежеде асқынған дағдарыстық үдерістерден алып шықты. Қазақстандағы реформалар саясатының ерекшелігі оны басқа мемлекеттердің зорлығынсыз іске асырылуында. Бұл реформалар жаңа қоғамдық құбылысты орнатуды мақсат тұтты. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси реформаларды өз қалауынша, өзі таңдап, өркениетті мемлекеттердің әлемдік тәжірибесіне сүйене отыра іске асыруға кірісті. Реформаларға қойылатын негізгі талап – нарықтық қатынастырды орнықтыру, либерализм принциптеріне негізделген қоғамдық-саяси жүйе қалыптастыру болды. Елде нарықтық экономикаға әлеуметтік бағдар беру мәселесін шешу ісі де қолға алынды. Зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы аналарды, жетім балаларды мемлекет қамқорлығына алудың нақты бағдарламалары жасалынды. Жұмыссыздықты ауыздықтаудың да мемлекеттік деңгейдегі жүйелі шаралары «Жол картасы» арқылы іске аса басталды. Қоғамдық өмірдің экономикалық іргетасын жаңартатын елді үдемелі индустриалды дамыту бағдарламасы өмірге келді.

20 жылда болған осыншама түбегейлі өзгерістер нәтижесінде тәуелсіз Қазақстан жаңа тұрпатты мемлекетке айналды. Республика өркениетті мемлекеттердің әлемдік қауымдастығынан өз орнын таба алды. Қазақстан дамыған мемлекеттердің озық тәжірибелеріне негізделген реформалар

жүргізу арқылы дамудың қазақстандық моделін өмірге әкелді. Әлемдік саяси тәжірибеде жаңалық болған Қазақстандық даму моделінің ерекшелігі «алдымен экономика, одан кейін саясат» формуласының өмірге енгізілуімен сипатталады. Қазақстан мемлекеттілігін нығайту, оның экономикалық қуатын қалпына келтіріп дамыту арқылы жүргізіледі. Әлемдік дағдарыстар мен қауіптерге жауап бере алатын ұлттық қор жинақталды. Саяси мәдениетті, татулықты жақтайтын азаматтық қоғам да іске кірісті.

1997 жылы ел астанасының Алматыдан Ақмолаға көшірілуі солтүстік және орталық аймақтардың индустриалды-экономикалық дамуына соны серпін берді. 1998 жылдан бастап қазақстан нақты экономикалық табыстарға қол жеткізе бастады. 20 жыл мерзімде Қазақстан мен оның Астанасы әлем халықтары санасатын саяси және мәдени оқиғалар алаңына айналды. Қазақ ұлты ғасырлар бойы армандаған тәуелсіз ел болудың бақытын көрді, болашағына сенімін нығайтты. Әлемдік қаржылық орталықтар қазақстанның нарықтық экономикасына сенім білдіріп, оған 126 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестиция құйды /4/.

Астана Қазақстан Республикасының саяси дамуын ғана емес, оның экономикалық жаңаруын алға сүйретіп локомотивке айналды. Жаңа заманға сәйкес құрылыс архитектурасы мен қалалық инфрақұрылымдардың жасалуы арқылы Елордасы Қазақстанның барлық қалалары ұмтылатын эталондық үлгіге айналды. Табиғаты қатал Сарыарқа төсінде Қазақстанның мақтанышына айналған жаңа тұрпатты мегаполис пайда болды. Астана феноменді орталық және солтүстік аймақтардың демографиялық және мәдени бет-пернесінің өзгеруіне де зор ықпал жасады. Астанамен бірге солтүстік аймаққа қазақ рухы мен қазақ тілі қайта айналып келді. Ұлттық рух пен ұлттық мәдениеттің қайта өрлеу кезеңінің басталуына да Астана факторының үлкен ықпалы болғандығы ақиқат. Әлемдік қауымдастыққа Қазақстанның кеңінен танымал болуына 2010 жылы ЕЫҚҰ-ның 56 мемлекет басшыларының VII саммитіне жиналуының, 2011 жылы Ислам ынтымақ ұйымы 57 мемлекетінің сыртқы істер

ведомостволары басшыларының саммитінің өткізілуінің үлкен ықпалы болды. Әлемдік діндер мен дәстүрлі діндер басшыларының бүкіләлемдік конгрестерінің өткізіліп отыруы Астананың бейбітшілік, әлеуметтік, этникалық және конфессиялық татулық саясатының әлем халықтарының ілтипатына ие болғандығының белгісі деп есептеуге лайық.

2000 жылдардың басынан бастап Қазақстан әлемдегі даму динамикасы жылдам он елдің қатарында. 2010-2011 жылдарда бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан әлемде Қытай мен Ресейден кейінгі үшінші орында келеді. Соңғы 2-3 жылда елдің жиынтық ішкі өнімі 7 пайыздан өсіп отыр. Жалпы 20 жыл ішінде елді ЖІӨ көлемі 53,6 есеге артқан. 2011 жылы оның жалпы көлемі 994,5 млрд. долларға жеткен. Бұл көрсеткіш Түркия, Иран сияқты ірі мемлекеттердің жылдық көрсеткішіне парапар. Әлемдік экономикалық даму нәтижесі бойынша 2000 жылы Қазақстан 62 орынды иеленсе, 2010 жылы 55 орынды иеленіп отыр. Ел осы даму қарқынын сақтай алса, 2015 жылы әлемдік рейтингте 49 орынды иелене алмақ. Жан басына шыққандағы ЖІӨ көрсеткіші 20 жылда қазақстанда 2400 доллардан 11000 долларға дейін өскен. Әрбір қазақстандықтың табысы 3,7 есеге артқан /5/. 2010 жылы әрбір қазақстандықтың орташа жалқы мөлшері 526 АҚШ долларын құрады. Бұл көрсеткіш Әзірбайжанда – 380 доллар, Беларусьыда – 366, Армения – 253, Украинада – 251 болған. Халықтың әл-ауқатының жақсаруын мына мысал нақты дәлелдейді. Егер, 1990 жылы елдегі 100 адамда 4,7 автомобиль болса, қазір – 15,6 дан келеді /6/.

Тәуелсіз мемлекет болудың арқасында қазақ ұлтымен бірге барлық Қазақстан халықтарының бағы ашылды. Халықтар саны 130-дан асатын мемлекетте аз санды халықтар өздерінің ұлттық мәдени және рухани құндылықтарын дамытуға толық мүмкіндік алды. 1995 жылдан бастап қызмет еткен қазақстан халқы Ассамблеясы ұлттық өмірді жандандырудың, ел халқын ұлтаралық достық рухында, қазақстандық патриотизм тәрбиелеудің мектебіне айналды. Халықтардың рухани өмірін дамытатын 820 этномәдени орталықтар құрылды /7/. Олар елдегі аз халықтарының тілдерін, мемлекеттік тілдің оқытып насихаттаумен және мемлекет

саясатын қолдау шараларын жүргізумен айналысуда.

Елде демократиялық қоғам талаптарына сәйкес жаңару үрдістері күшейе түсті. Оның айғағы-өзін-зі басқаратын «үшінші сектордың», яғни азаматтық қоғам институттарының нығаюы. Үстіміздегі жылы қазақстанда 18 мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдарда жарты миллионнан астам адам жұмыс істеген/8/. Осыншама қуатты иемдеген ұйымдардың дені әлеуметтік мәселелерді шешумен айналысқан. Басқа Орта Азия мемлекеттеріне қарағанда ҰЕҰ жүйесі Қазақстанда кең қанат жайған. Ашық қоғам орнатудың нәтижесінде қазіргі кезеңде 25 мыңдай президенттік «Болашақ» бағдарламасы арқылы жоғары білім алуда. Жастардың дамыған мемлекеттерде оқуы Қазақстан қоғамының барлық салаларына әлемдік озық үлгілерді алып келері даусыз.

Қазақстанның нарықтық қатынастарға сәйкес келетін жаңа әлеуметтік құрылымы да қалыптасуда. Қазір өзін-өзі толықтай асырай алатын, халықтың сан қырлы материалдық, қызметтік тұтыныстарын қамтамасыз ететін шағын және орта бизнесте 2,7 миллионға жуық ел азаматы еңбек етуде. Егер 1993 жылы 19 мыңдай шағын кәсіпорын болса, 2000 жылы – 67 мың, ал 2011 жылы 675 мың шағын және орта кәсіпорын жұмыс істеп тұрды /9/.

Нарықтық қатынастарға көшу жағдайында ауыр күйзелісті ауыл шаруашылығы ерекше сезінді. Кеңшарлар мен ұжымшарлардың тарап кетуі де ауыл өнеркәсібінің мүлдем құлдырауына әкелді. Ұсақ фермерлік шаруашылықтар, агроконцерндер мен агрофирмалар қалыптасып іске кірісуі үшін біршама уақыт керек болды. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені тәуелсіздік жағдайында барлық қиыншылықты жеңіп, мемлекеттің азық-түлікті экспорттаушы болуына қол жеткізілді. Әсіресе соңғы жылдардағы жетістіктер қомақты. Егер 1991 жылы ауыл шаруашылығының жиынтық өнімі 78 млрд. теңге көлемінде болса, 2010 жылы 1,4 трлн. теңгеге өсті. Соңғы бес жылда Қазақстан бидай ұнын экспортқа шығаруда әлемде бірінші орынды иемденіп келеді. Келешекте ет өнімдерін экспорттауда Қазақстан әлемдік нарықтан

өзінің орнын алуға мақсат етіп отыр. Дәнді дақылдар мен мал шаруашылығын дамыту елдің экономикалық қуатын арттыратын басымдықтар ретінде таңдалды.

Аграрлық жаңару саясатында Елбасы Н.Ә.Назарбаев ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын жақсартуға ерекше ден қою керек деп есептейді. Себебі, ауылдық өңірде Қазақстан халқының 46 пайызы өмір сүруде. Сол себепті «2004-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ауылдық жерлерді дамыту бағдарламасы» шеңберінде ауылда 1077 оқу мекемесі, 703 денсаулық сақтау объектісі, 424 мәдениет және спорт объектілері салынды, 4385 оқу мекемесі, 3282 денсаулық сақтау, 1171 мәдениет пен спорт мекемесі күрделі жөндеуден өткізілді.

Қазақстан 20 жылда мүлдем жаңа сападағы экономикалық және саяси-әлеуметтік келбетке ие болды. Нарықтық экономика толыққанды іске қосылып, елдегі демократияландыру үдерісін күшейтетін саяси реформаларға жол ашты. Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік қауымдастыққа танылып, әлемдік саясаттың бағыт-бағдарламаларын анықтайтын халықаралық жиындар аренасына айналды. Елдегі этносаралық татулық пен қоғамдық келісім Жер шарының халықтары үлгі ететін моделге айналды. Саяси жүйелерді жетілдіруде президенттік биліктің басымдылығына негізделген қоғамдық қатынастарды демократияландыру үлгісі ұсынылды. Дамудың қазақстандық моделі әлемдік саяси тәжірибенің жетістігіне айналды. Қарапайым еңбекші халықтың мүдделерін шешетін әлеуметтік мемлекет құру мәселесі ойдағыдай шешіле бастады. Мектептер мен ауруханалар салу бұрын-соңды болмаған ауқымға ие болды. Әлемдік қаржылық және экономикалық дағдарыстарға қарамастан ел халқының әлеуметтік жағдайы мен әл-ауқатының үнемі жақсарып отыруына қол жеткізілді. Қазақстан өз ресурстарын әлемдік трансұлттық корпорациялардың иемденуін азайтудың нақты қадамдарын жасай бастады. Шекарасы берік, айналасындағы көрші мемлекеттермен тату, геосаяси жағдайы мығым ел ретінде қазақстан ұзақ тарихи кеңістікке самғайтын қыран мемлекеттер қатарынан орын алуда.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Сол сияқты патриоттық тәрбие туралы сөз қозғаған кезде, Отанды қорғауға әрқашан даяр тұруға даярлау барысында, қазіргі жастардың Отанға деген сүйіспеншілігінің артқанын байқаймыз.

Мұндағы айтар ойымыздың ең бастысы Отанға деген сүйіспеншіліктің территориялық біртұтастықты да қорғаумен астарланып кеткенімен қорытындыланады.

Қазіргі таңда қазақстандық патриотизмнің ерекшелігі көп ұлттылығымен көрініс табады. Жалпыхалықтық көпұлттылық қазақстандық патриотизмнің ортақ мақсаты болып табылады. Жастарға патриоттық тәрбие беру барысында біз жас ұрпақтың ұжымдылық және де өз Отаны, туған жері, Қазақстанды қорғауға кез-келген уақытта даяр тұру сезімдерін қалыптастыруға көмектесуіміз керек. Біздің жастармен жүргізетін патриоттық тәрбиеміз жай ғана меңзей қараушылық болмау керек, керісінше жаңа қоғам құруға көмек беретін, қуатты да күшті болуы қажет.

Қазақстандық патриотизм Отанға деген махаббат ешқашан құлдыраушылық мінез танытпауы қажет. Қазақстан – ол біздің

патриоттық махаббатымыз бен қысқа тарихи уақыт ішінде дамыған елдердің көшбасшысы бола білген халқымыздың намысы мен мақтанышы.

Бүгінде Қазақстан нарықтық экономикамен демократиялық ашық қоғам құруда өз алдына үлгі бола алады. Қазіргі таңда Қазақстан ең жылдам дамыған бес Азиаттық құрлық ішіне кіреді және ол әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру мақсатына жету үшін өз алдына жаһандық тапсырмалар қойып отыр.

Қазақстандық патриотизм – Отан-анаға деген сүйіспеншілік, азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы біліммен біліктіні, ақыл мен парасатты, ел иелігіне жұмсау атамекен мүддесіне арнау болмақ.

Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, В.Деваев, М.Н.Келеев, М.Жұмабаев еңбектерінде халқымыздың салт-дәстүрлері арқылы патриотизмге тәрбиелеу мәселелеріне зор мән беріледі.

Кеңес дәуіріндегі саясат – ағымында атадан балаға мирас болып келе жатқан өзгерістер халқымыздың ұлттық тарихында, тәрбиеге деген көзқарасқа үлкен серпіліс берді. Соның нәтижесінде бұл мәселелер тарихта, философияда, педагогикада қайта қаралып, жаңаша тұрғыда зерттеліп жатыр.

«Патриотизм» (patriots - отандас, patrio – отан, туған жер) деген мағынаны білдіреді. Энциклопедиялық сөздікте «Отанға деген сүйіспеншілік бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен атамекен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпымен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастайды», - деп атап көрсетеді. Педагогикалық сөздікте: «Патриотизм – өз халқына, Отанға деген сүйіспеншілік, пролетарлық интернационализммен берік байланысқан» - деп көрсетеді. Алғаш қазақ халқының негізін қалаған Шоқан Уалиханов: «Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай («матрешка» сияқты бір сандықтың ішінде тағы бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық) мен ең алдымен өзімнің отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, содан соң ауыл-аймақ, ел-жұртымды, руластарымды, содан соң Сібір орыстары, Ресей жұртымды қадірлеймін», -деген екен. Қазақтың

батыры Б.Момышұлы: «Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екендігін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды, жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын білдіреді», -дейді.

Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің мемлекеттік стандартында: «Оқушыда жалпы азаматтық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке басын тұлғалық (этикалық, эстетикалық, адамгершілік) тұрғыда тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрлерінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады», - деп атап көрсетілген. Осы міндетті жүзеге асыруға бағытталған жаңа «Ана тілі» оқулығының (2 сыныпқа арналған авторлары: С.Рахметова, П.Жаманқұлова, Б.Қабатаева) оқушылардың бойына қазақ патриотизмін, Отаншылдығын қалыптастыратын шығармалар молынан берілген. Оқулықтағы шығармалар оқушы бойында мынадай патриот сезімдерін қалыптастырады: Туған жерге сүйіспеншілік – туған өлке табиғатын сүю, туған жердің орман-көлі, тау-тасы, аң-құстарына қамқорлық жасау, оны аялау мен қорғау, күтіп, баптау. Туған еліне деген сүйіспеншілік, өз ұлтын сүю, Отанын сүю, ұлтының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін қастерлеу. Ұлт мәдениетінің өркендеуіне ел экономикасының гүлденуіне үлес қосу. Өз отбасына сүйіспеншілік, ата-анасына сыйластық көрсету.

Грек ғалымы Платон «Ұлды тәрбиелеп отырып, жер иесін тәрбиелейміз» тегін айтпаған. Бала бойындағы тәрбиенің бастауын ата-анасы қалыптастырса, мектептегі тәрбие көзін жеткізуші әрине, тәрбиешісі мұғалім болып табылады. Ұрпаққа беріліп жатқан адамгершілік, дене, экономикалық, экологиялық, ақыл-ой тәрбиесімен қатар ұлттық патриот, тәрбие ерекше орын алады. «Мен келешектің иесімін» деген ұрпақтың бойында білім, білік, адамгершілік, ар-намыспен қатар Отанды сүйуге деген

қасиеттер болады. Баланың өз сүюі немесе оған түсінбеушілікпен қарауы оның ес білгелі көрген тәрбиесіне байланысты. Қазақ халқы ата-бабамыздың байтақ жерін тұмсықтыға шоқтырмай, қанаттыға қақтырмай ұстап, ұрпаққа аман-сау жеткізуінің өзі, бесіктегі нәрестені адамгершілікке ғана тәрбиелемей, Отан сүйгіштікке, елін, жерін, қорғауға тәрбиеленуінің негізгі дәлелі.

Ұлттық патриотизмді қалыптастыруды мұғалім оқушыдан бұрын өз бойында

қалыптастыруы қажет. Оқушыларға тәрбие бере отырып, мұғалім өзінің адамгершілігін, Отан сүйгіштігін айналасындағы өзін қоршаған ортаға көрсететіндігін білуі тиіс. Н. Назарбаевтың «Әрбір адам бала кезінен: Қазақстан менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, менде ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн» деген өсиетін басшылыққа алып жұмыс жүргізіуіміз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде.- Алматы : Қазақстан, 1993, -3бет.
2. Байділдина К. Патриоттық тәрбие бастауы.// Бастауыш мектеп. 1986, №9 16-18 бет.
3. //Егемен Қазақстан,-2006-12 қазан.
4. КР Президентінің Жолдауы//Егемен Қазақстан. - 2006. - 1 наурыз.
5. Құнантаева К. Оқушылардың оқудан тыс бірлестіктері - Алматы: Мектеп, 1970.- 56 бет.

Резюме

В этой статье рассматриваются вопросы патриотического воспитания молодежи.

Summary

In this article is considered patriotic education youth.

**Каримова Ләйлә Камалбекқызы-
«Жаратылыстану пәндері және
кәсіптік оқыту» кафедрасының
оқытушысы**

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ЕҢБЕГІНІҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАРЫ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басым міндеттері ретінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу, отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен

дәстүрлерін зерделеу атап көрсетілген.

Мемлекетімізде ұлттық маңызы бар бірқатар бағдарламалар болса, соның бірегейі «Мәдени мұра» бағдарламасы болып табылады. Ұлт тарихын түгендеу, ұлт руханиятын қайта түлету мақсатында жасалынған бұл бағдарлам ұзақ мерзімге бағытталған кешенді, жүйелі іс-шаралардың мазмұнын құрайды. Бағдарлама елдің рухани және білім беру саласын дамыту мәдени мұрасының сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Бұл мақсаттың тиімді шешімін табуда әлемдік ғылыми ой-сананың,

ұлттық мәдениет пен өнердің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау міндеті қойылып отыр.

«Мәдени мұра» бағдарламасына қатысты алқалы жиында Елбасы Н.Ә.Назарбаев көшпенділердің әлемдік тарихтағы роліне тоқталып, қазақ жерінің Еуразия Кеңістігінің мәдени мәйегі, рухани түп қазығы болғанын айта отырып: «Қазақстанды Ұлы дала өркениетінің қара шаңырағы ретінде халықаралық деңгейде танытып, қалыптастыруымыз керек», - деді. Сондықтан халқымыздың өткен тарихындағы озық педагогикалық идеяларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарап, бүгінгі ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға пайдалану керектігі айқын. Біз ең алдымен, өзіміздің тарихымызды нақты айқындап алуымыз қажет, бұл – әрбір ғылымның саласына қатысты мәселе. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі саяси жүйеде қазақ ұлтының өткен тарихы, оның барлық кезеңдері мен іргелі мәселелері бұрмалауға ұшырағаны құпия емес. Кеңес дәуірі кезінде қазақ педагогикасы жабық тақырып болғаны анық. Ол кезде Қазақстандағы педагогикалық ойлардың қалыптасуы мен дамуы бойынша барлық ғылыми зерттеу мен білім беру саласында әл-Фараби, Шоқан, Ыбырай, Абай туралы ғана сөз болды. Ғылымдағы түрлі тұжырымдамаларды қалыптастыруға тікелей ықпалы болған бұл идеологиялық ұстанымның салдары қазақ ұлтының тарихи танымынан анық байқалды: ұлт өзінің өркениеттік құндылықтар жаратқан субъект ретінде сезінуден қалды, оның көңіліне өзінің этностық болмысына қатысты күдікті ойлар ұя сала бастады. Ал мемлекетіміздің, тәуелсіздік алуының арқасында қазақ қоғамында мүлдем жаңа жағдай қалыптасты. Оны біз «жаңа рухани ахуал» деп атаған болар едік. Тұжырымдап айтқанда, заман талабына сай кезекті сапалы өзгерістерге мұқтаж ұлт өз өткенін қайта қорытуға ден қойды.

Педагогика ғылымының әдіснамасы философия заңдылықтарына сүйенетіні белгілі. Философиялық ғылымдар педагогикаға тәрбиенің мағынасы мен

мақсатын анықтауға, адамзат болмысы мен ойлауының жалпы заңдылықтарының әрекетін дұрыс түсінуге көмектеседі, ғылым мен қоғамда болып жатқан өзгерістер туралы шұғыл ақпарат бере отырып, тәрбиенің бағытын нақтылауға жәрдемдеседі. Философия табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдарын, түбегейлі мәселелерін зерттейді, өмір шындығын танып білу жөніндегі көзқарастың негізгі жүйесі болып табылады, адамды күшті идеялық сенімге, айқын түсіне білушілікке тәрбиелейді. Педагогика материалистік диалектиканың қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі, сан өзгерістерінің сапа өзгерістеріне ауысуы және терістеуді терістеу сияқты негізгі заңдарын тәрбие, білім беру және оқыту процестерінде шығармашылықпен пайдалануды көздейді.

Қазақ педагогика ғылымы өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі ғасырлар сынынан өткен халықтық тәжірибе негізінде қалыптасып, өзіндік дамуға ие болды. Халық педагогикасындағы озық идеялар қазақ халқының тіршілік тынысымен, ұлттық тәрбие дәстүрімен тығыз байлаыста туып, өсіп өркендеп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жетіп отырды. Өмірдің әлеуметтік жағдайларының өзгеруімен, қоғам мен тұлға қажеттіліктерінің дамуымен байланысты халық тәжірибесіндегі педагогикалық құндылықтар қайта жасалып, жаңаша сипат алып отырады. Педагогика тарихында алдыңғы теориялардың мазмұнының кеңейтіліп, тың көзқарастар мен ағымдардың қалыптасуы заңды құбылыс, мұның өзі әлемдік педагогика мазмұнын қазақ педагогика ғылымының жетекші идеяларымен толықтыру қажеттілігін дәлелдейді. Өйткені құндылық бағдарлар тұлғаның ең басты, ауқымды сипаттамасының бірі ретінде әрекет етеді, ал оларды дамыту ізгілендіру педагогикасының негізгі міндеті және қоғам дамуының маңызды жолы болып табылады.

XI ғасырда өмір сүрген түркі данасы, ойшыл ақын Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» еңбегінің негізгі идеясы педагогиканың ең маңызды мәселесі тәрбиеге негізделіп, оның мазмұнында педагогиканың жалпы негіздері, дидактика және тәрбие теориясының негізгі

мәселелері, жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене құқықтық, т.б. тәрбие мазмұны қарастырылады.

Жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан алып қарасақ, «Құтты білік» дастанының бүгінгі адамзат қоғамы үшін құндылығы мынада болып табылады: 1) «Құтты білік» - халықтың құты, ырысы болған ілім; 2) әрбір адамға бақыт сыйлайтын, құт әкелетін білім; 3) ғасырлар бойында көзі ашық, көкірегі ояу кемел ұрпақтың бойына адамдық, азаматтық қасиеттерін, адалдық дәстүрлерін сіңіріп, жан-дүниесіне рухани күш дарытатын тәрбие тұжырымдамасы. Ғұламаның «Кітап атын «Құтадғу білік» қойдым – Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың» деген ой-пікірі дастанның әрбір адам үшін құндылығын аша түседі.

«Құтты білік» дастанында кейіпкерлердің символикалық сипаттары арқылы берілген төрт жетекші педагогикалық идеялардан өрбитін тағылымдық құндылықтар тәрбие мақсатына қол жеткізудің көзі болып табылады. Олар, әділдіктің бейнесі Күнтуды Елік патша арқылы берілген бұлжымас әділ заң мен тура жол; патшаның уәзірі Айтолды бейнесімен берілген бақ-дәулет, ырыс-байлық; уәзірдің баласы Өгдүлміш арқылы берілген ақыл мен парасат; уәзірдің жұрағаты тақуа жан Одғұрмыш бейнесі арқылы берілген қанағат, ынсап, барға риза болу, сабырлылық. Тұлғаның үйлесімді дамуы осы төрт құрылымдық компоненттің өзара бір-бірімен иепе-теңдігімен көрінеді – «төрт құбыласы тең». Осы төрт құбыланың біреуі бұзылған жағдайда немесе олардың дамуында тепе-теңдіктің болмауынан тұлға тұтастығының үйлесімділігі болмайды. Ұлы ойшыл Жүсіп Баласағұни тұлғаның осы қасиеттері халқына адал қызмет етіп, елінің ертеңін ойлайтын азаматтарға тән болу керектігін көрсетеді. Бұл тәлімдік идеялар қазіргі педагогикадағы тұлғаны қалыптастыру мақсатымен өзара байланысып, бүгінгі таңда маңыздылығы артып отыр. Осы тұжырымдама қазақ халық даналығындағы «сегіз қырлы, бір сырлы» нақыл сөзімен байланысып төрт құбыланың (психологиялық-физиологиялық, әлеуметтік-нормативтік, когнитивтік, рухани-

адамгершілік) қиылысуы мен ажырамастығын бейнелейтін тұлғаның сегіз қырын ашып көрсетеді.

«Құтты білік» дастанында Ж.Баласағұни педагогикалық процеске қазіргі педагогикадай анықтама беріп, оның құрылымын көрсетпегенімен, еңбектің өн бойынан педагогикалық процестің оқушыны (тәрбиеленушіні) мәдениет байлығын игеруге және еңбек пен қоғамдық өмірге дайындауға бағытталған мұғалімнің (тәрбиешінің) басшылығымен іске асырылатын өзара бірлескен іс-әрекет ретіндегі мәні және оның құрылымы (мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдіс-тәсілдері, іс-әрекетті ұйымдастыру түрлері, нәтижесі) айқын көрініп тұрады.

Ж. Баласағұни ардақтаған асыл қасиеттің бірі ақыл болса, дастанда білімнің мәні ақыл арқылы жинақталған жанның қоры ретінде анықталады, яғни білімнің ең басты белгісі адамда ізденудің арқысында пайда болып, ақыл-естің қызметімен толысатын рухани қазына болып табылады. Білім дастанда бар жақсылықтың көзі саналады. Кісі құдіреті мен қасиеті таныммен десек, таным оқып-үйрені, білім алу барысында қалыптасады. Оқу мен білім алу адамның ең асыл танымдық әрекеті, өйткені білім адамды ізгілікке, адамшылыққа үйретіп, оның бойында адами құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Білімнің адам болудағы қасиетті көрінуі оның таным көзі болуымен байланысты. Дастанда білімнің мәні осы тұрғыдан терең ашып көрсетіледі, себебі, адам өмірі мен тіршілігінің мәні танып-білумен құнды болып есептеледі. Әрбір адам өзі мен дүниені танумен ғана өмірін мәнді етіп, арман-мұратына жетеді. «қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына» дей отырып, ғұлама бақытқа жетудің жолы білім екендігін баса айтады. Ж.баласағұнидің педагогикалық тұжырымдамасынан оның білімге әр қырынан сипаттама бергенін айқындауға болады. Білімнің тағы бір сипаты ретінде ғұлама оның адамды құрметті, абыройлы ететіндігі яғни ада білімімен беделді, құрметті бола алады деген тұжырым жасайды. Дастанның өн бойында білімнің құрмет көзі екендігі жиі айтылып тұрады. Бұл жерде ғұламаның өзі таныған ақиқатты жастардың санасына

сіңіру қажеттілігін көздеп отырғаны анық байқалады.

Дастанда оқытудың теориялық негідері (дидактика) сол уақыттың талабы тұрғысынан өте жоғарғы деңгейде айқындалған. Дидактиканың негізгі ұғымдары – білім, білік, дағды ұғымдарының мәні ғұламаның тәлім тәрбиелік идеяларында көрініс тауып, өзіндік мағына мен мазмұнға ие болады.

Ж. Баласағұнидің еңбегінде дидактиканың көкейтесті мәселесі білім беру мазмұны арқылы жеке тұлғаны қалыптастырудағы адам баласының іс-әрекет тәсілдерді меңгеруі мен жүйелі білім алуы, білік пен дағдының қалыптасуы жүзеге асырылады. Ж. Баласағұни білім беру мазмұнын білім, білік, дағды, шығармашылық іс-әрекет, дүниеге және қоршаған адамдарға қатынас құрайтынын негіздеп, мұның өзі дүниенің бейнесін қалыптастырудың әдіснамалық негізін, мәдениетті қайта жаңғырту мен сақтауды, мәдениетті дамытуды, еңбекке, оның нәтижелеріне, адамдарға қатынастықамтамасыз ететіндігін тұжырымдайды.

Ж. Баласағұнидің тәрбие теориясының негізін жетілген тұлғаны тәрбиелеу ілімі құрайды. Бұл ілім тәрбиенің төрт тұғыры – әділет, дәулет, парасат, қанағат арқылы адамда адамдық ізгі қасиеттерді тәрбиелеу идеясына негізделеді. (Сурет 6). Ізгілікті – адами қасиеттерді тәрбиелеуде Ж.Баласағұнидің ойынша, жоғары адамгершілік сана мен мінез құлықты қалыптастыру басты рольді атқарады, соның негізінде ішкі және дене әсемдігі өзара үйлескен жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеуге болады.

Ж.Баласағұнидің педагогикалық теориясын терең оқып-үйрене отырып, оның педагогика ғылымының шыңында тұруға лайықты ғұлама екендігіне көз жеткіздік. Ғұламаның адамзат қоғамы алдындағы маңызды үлесі – тұлғаны тәрбиелеу теориясы мен тәжірибесі бойынша барлық

құндылықтарды игере отырып, ізгілендіру идеясына негізделген педагогикалық ілімді жасауы. Педагогика ғылымының қайнар көзі болып табылатын оның ілімі өзі өмір сүрген қоғам үшін де, қазіргі қоғам үшін де, болашақ үшін де өміршең, ешқашан құндылығын жоймайтын, аса бағалы еңбек болып табылады.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда елімізде ақпараттық технологияларды барлық деңгейде білім беру үдерісін интенсификациялау құралы ретінде пайдалану қолға алынып отыр. Сондықтан болашақ мамандарды кәсіби даярлау жүйесінде электронды оқулықтарды қолданудың маңыздылығы мен қажеттілігі уақыт сұранысынан туындайды.

Қазіргі қазақ педагогика ғылымының қайнар көздері ретінде ғылыми негіз болатын Ж.Баласағұнидің еңбектері педагогиканың мазмұнын жетілдірудің мәдениеттілік, өркениеттілік және инновациялық бағыттарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Мәдениеттілік тұрғыдан ұлттың педагогикалық бейімделген әлеуметтік-мәдени тәжірибесін жалпыадамзаттық деңгейге көтеру, инновациялық тұрғыдан қазақ педагогикасының келешегін айқындау міндеттерін шешу қажеттілігі айқындалады.

Қорыта келе Ж.Баласағұнидің дүниетанымын педагогикалық талдаудан өткізу арқылы болашақ мамандардың рухани дүниесін байытады; екіншіден, рухани сабақтастықтың мәдениет пен педагогикалық жүйе тұтастығын сақтауға қызмет ететінін көрсетуге мүмкіндіктер ашады; үшіншіден, қоғамды ізгілендіру тұрғысынан ұрпақтар сабақтастығын нығайту үшін қызмет атқарады, педагогикалық ойлау жүйесін өркениеттік дамудың талаптары бойынша жаңаша бағалауға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» еңбегінің тарихи-педагогикалық мәні // Қазіргі кезеңдегі тұлғаның үйлесімді дамуына қатысты өзекті мәселелер: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: ҚазМАТУ баспаханасы, 2007. – Б.32-35.

2. Ж.Баласағұни тәрбие мақсаты туралы // Жоғары оқу орындарында білікті мамандар даярлаудың өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Т.2. – Тараз, 2007. – Б.42-46.

3. Қазақ ойшылдарының педагогикалық мұрасындағы патриоттық тәрбие мәселесі // Қазіргі кезеңдегі тұлғаның үйлесімді дамуына қатысты өзекті мәселелер: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Астана: ҚазМАТУ баспаханасы, 2007. – Б.35-38. (А.Ж.Бекмағанбетовпен авторлық бірлестікте).

Резюме

В этой статье показаны идеи воспитания Ж.Баласагуна. Теоретическое обоснование и значительность, также духовное начинание педагогической науки, как важная часть казахской науки на сегодняшний день. Показаны важность педагогической науки в современной казахской науке. Рассмотрены взаимное влияние педагогической теории Ж.Баласагуна и историческая взаимосвязь педагогической науки.

Summary

In this article are shown ideas of education of Z.Balasaguna. Theoretical substantiation and relevancy and als spiritual undertaking pedagogical sciences, as an important part of the Kazakh science for today. Are shown importance of a pedagogical science in a modern Kazakh science. Are considered mutual influence of the pedagogic-theory of Z.Balasaguna and historical interrelation of a pedagogical science.

Скабаева Гульмира Несипбаевна–

кандидат педагогических наук, ст. преподаватель

кафедры естественно-научных дисциплин и профессионального обучения

Жаксылыкова Нурия Ермухаметовна–

кандидат педагогических наук, доцент кафедры естественно-научных дисциплин и

профессионального обучения

ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ СЕЛЬСКО-ХОЗЯЙСТВЕННОЙ ОТРАСЛИ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА

С момента обретения независимости Казахстан зарекомендовал себя на мировой арене как государство с большим потенциалом. Продуманная целенаправленная политика, прорывные проекты позволяют республике уверенно продвигаться в число пятидесяти конкурентоспособных стран мира. Для реализации амбициозных задач, направленных на достижение высоких результатов во всех сферах жизни, большое значение имеет подготовка специалистов, соответствующих современным требованиям. Поэтому перед казахстанской образовательной системой стоит задача качественной подготовки квалифицированных мастеров технической и профессиональной сферы.

Новая модель национальной системы образования, утвержденная в Законе РК «Об образовании», ориентирована прежде всего на

обеспечение высокого качества обучения и воспитания, подготовку высокопрофессиональных кадров с новым мышлением и более высоким уровнем гражданственности. Решение этих задач, определяющих качественно новый этап в реформировании отечественной системы образования, должно опираться на современные образовательные и информационные технологии стандарты обучения и воспитания молодежи подготовку их к труду в новых рыночных условиях.

В новом Законе «Об образовании» к приоритетным задачам также отнесены подготовка квалифицированных рабочих и специалистов конкурентоспособных на рынке труда, их переподготовка и повышение квалификации [1].

В республике существовала широкая сеть организаций профессионального образования, которую входит 162 высших учебных заведения,

246 колледжей, 303 профессиональных лицеев, 15 тыс. учебно-производственных комбинатов, учебных центров и различных курсов.

Несмотря на принимаемые меры по развитию системы технического и профессионального образования, быстрорастущий спрос на квалифицированные кадры не удовлетворяется за счет отечественных трудовых ресурсов, что ведет к росту численности иностранных специалистов привлеченных на работу в Казахстан, значительную долю которой составляет технический обслуживающий персонал. Потребность рынка труда в квалифицированных специалистах удовлетворяется за счет выпускников учебных заведений технического и профессионального образования лишь на 30-40% [2].

Согласно исследованию «Спрос на навыки, рабочую силу в Казахстане», проведенному Всемирным банком 2008г., 63% работодателей отметили недостаточный уровень образования и профессиональных навыков работников в качестве препятствия на пути развития бизнеса. Требования навыкам и компетенциям специалистов постоянно возрастают: 40% казахстанских компаний сообщили об ужесточении требований навыкам работников за последние 2 года в связи с усилением норм в отношении качества товаров и услуг, усложнением технологии, ростом конкуренции. В целом по республике, вследствие несбалансированности спроса и предложения, ежегодно в среднем до 21 тыс. рабочих мест остаются вакантными. Практически все учебные заведения технического и профессионального образования работают с использованием морально и физически устаревшего оборудования. При этом обеспеченность устаревшим оборудованием составляет в среднем 54%.

Анализ содержания образовательных программ и учебно-методического обеспечения показывает, что они не отвечают ни требованиям работодателей, выражающимся в изменениях на рынке труда, ни требованиям обучающихся, стремящихся получить востребованные навыки компетенции.

Серьезным препятствием повышению качества учебного процесса в колледжах и профессиональных лицеях являются низкий уровень учебно-методического обеспечения, дефицит современной учебной литературы, особенно по специальным дисциплинам на государственном языке, отсутствие учреждений, целенаправленно научно-методическим обеспечением и воспитанием.

Образовательные программы для подготовки

профессионально-педагогических работников сформированы с учетом специфики профессиональной деятельности педагога профессионального обучения, которая требует интеграции разнохарактерных ее составляющих, а не их суммирования. Данные программы позволяют подготавливать педагогов, способных обучать молодежь и взрослое население профессиям и специальностям в образовательных учреждениях начального и дополнительного профессионального образования, в отделах подготовки кадров и учебно-курсовых комбинатах предприятий и организаций, в учебных центрах от занятости. При этом педагог профессионального обучения выполняет весь спектр образовательной и воспитательной деятельности по освоению профессии или специальности. Основу такой деятельности составляют теоретическое и практическое (производственное) обучение. Теоретическое обучение включает множество предметов (общетраслевая подготовка, теоретические основы, оборудование и технология отрасли и отдельных производств и видов работ). Педагог профессионального обучения является специалистом широкого профиля и способен удовлетворять изменяющиеся образовательные потребности личности и общества. Опыт показывает, что он способен проводить не по одной профессии, а по группе родственных профессий или специальностей. В этом профессиональные образовательные программы специальности «Профессиональное обучение» сориентированы именно на группы наиболее массовых профессий, в соответствии с Перечнем профессий начального профессионального образования. Помимо основного вида деятельности обучения рабочей профессии, у педагогов, работающих в учреждениях начального профессионального образования, появляются и специфические виды деятельности. К ним относятся, например, следующие:

- создание моделей рабочих и служащих, выпускаемых учебным заведением;
- разработка программ развития учебного заведения;
- поиск и разработка оптимальных технологий профессионального обучения;
- проектирование содержания, образовательных и воспитательных технологий подготовки современного рабочего, специалиста;
- проведение воспитательных мероприятий.

Педагог профессионального обучения в тесной связи с заказчиком исследует эффективность образовательного процесса и полученных результатов может прогнозировать тенденции

развития профессий и соответствующих образовательных процессов.

На основании вышеизложенного, педагоги, владеющие не столько от знаниями в рамках сложившихся стереотипов, сколько педагоги, умело использующие различные формы и способы профессионально-педагогической деятельности, сочетающие отраслевые, педагогические, психологические и методические знания для творческого решения изменяющихся педагогических задач, в том числе в современных социально-экономических условиях. Педагог профессионального обучения (ранее инженер-педагог) - специалист, призванный решать такого рода задачи.

Существуют фундаментальные исследования профессионализации предметной подготовки учителей в педагогическом вузе (В.В.Афанасьев, В.Л.Матросов, А.И.Нижников, Ю.П.Поваренков, Е.П.Смирнов, В.Д.Шадриков и др., но широкого внедрения они пока еще не получили. Кроме того, отсутствует специальное исследование, в котором был бы реализован системный подход к организации процесса формирования профессионально-методических умений студентов вузов с учетом современных психолого-педагогических и методических достижений на основе инновационных подходов и современных образовательных технологий.

Такой опыт особенно необходим сельскохозяйственным учебным заведениям, в которых готовят специалистов по профессиональному обучению, требующих не типичных для вузов форм и содержания педагогической деятельности.

Кроме того, «система образования, выстроенная в соответствии с идеалами и нормами классической науки, функционирует как закрытая, что лишает ее способности к саморазвитию. Подобная модель образования в XX столетии исчерпала себя. Формирование современной концепции образования связано с теми значительными изменениями, которые произошли в наших представлениях о природе, процессах познания и развития человека за последние годы» [3].

В соответствии с этим подходом деятельность будущих специалистов профессионального обучения рассматривается как многоуровневая система, состоящая из нескольких соподчиненных уровней - подсистем, в которой функции одного уровня могут быть реализованы при условии реализации функций низших уровней. Так, первый уровень деятельности образуют обучающая, воспитательная, организационно-управленческая и т.п. виды деятельности.

Второй уровень - компоненты указанных видов деятельности (в дальнейшем мы рассмотрим обучающую деятельность, являющуюся, по методической подготовке, ее составляющей деятельностью по проектированию реализации анализу процесса обучения). На третьем функциональном уровне выделяются элементы, характеризующие структуру данной деятельности. К элементам обучающей деятельности относятся проективные, технологические (процессуальные) и аналитические действия. В целом эти элементы деятельности получили название функциональных единиц деятельности (ФЕД).

ФЕД - это совокупность действий и операций, направленных на решение группы типовых профессионально-педагогических задач с общим алгоритмом решения.

Такая переориентация в конечном результате обуславливает соответствующие изменения в содержании и технологии обучения. Эти новации затрагивают методическую подготовку обеспечивающую будущим специалистам профессионального обучения компетентное выполнение обучающей деятельности.

Сущность и функции профессионального образования заключаются в определении его места в образовательной системе, выделении системы, функциональных зависимостей содержания профессионального обучения:

- обосновывать включение в содержание профессионального обучения его фрагментов и организационно-содержательных единиц (дисциплин);
- демонстрировать на конкретных примерах алгоритм построения содержания профессионального обучения в целом, учебного плана и программ;
- оценивать учебно-программную документацию по заданным критериям и параметрам;
- определять на основе анализа комплекта образовательных профессиональных программ исходные данные для проектирования учебного процесса;
- объяснять сущность и место дидактического проектирования в структуре деятельности будущих специалистов профессионального обучения; характеризовать его функции, структуру, принципы, объяснять алгоритм проектирования;
- определять систему проектируемых характеристик конкретного дидактического цикла, основываясь на анализе исходной информации, условий и закономерностей обучения;
- разрабатывать комплекс оперативных

и рабочих целей обучения в терминах учебной деятельности согласно уровню усвоения, формулировать на их основе задачи (направления) деятельности преподавателя;

- выделять дидактические единицы и информационно-смысловые элементы учебного материала, определять их иерархию и последовательность изучения;

- устанавливать оптимальный объем учебного материала для занятия, ход основных опорные межпредметные связи;

- определять оптимальные способы представления учебного материала для данных условий;

- определять оптимальные виды учебной деятельности и соответствующие им системы учебных действий, направленные на освоение конкретных дидактических единиц;

- подбирать группы процессуально-методических действий, определять соответствующий дидактический инструментарий (без подробной разработки), структуру занятия и поэтапное время;

- разрабатывать контрольные тесты (для 1-3-го уровней усвоения);

- оформлять в соответствии с требованиями нормативные виды проектов-перспективно (календарно)-тематические и поурочные планы;

- проводить, опираясь на заданные исходные параметры, занятия различных видов и типов, осуществлять их комплексный анализ.

В соответствии с вышеперечисленным основными функциями методической подготовки являются: формирование типичных видов профессионально-методической (обучающей) деятельности и обобщенных способов их осуществления, а также развития способностей принимать инвариантные решения по осуществлению технологии профессионально-методической (обучающей) деятельности.

Реализация указанных функций возлагается на систему и целостный процесс методической подготовки.

Таким образом, в деятельности мастера профессионального обучения интегрируются не только обязанности преподавателя, воспитателя и мастера производственного обучения, но и преподавателя-организатора и методиста образовательного учреждения. Это новый вид профессионально-педагогической деятельности в практике начального профессионального образования. Установлено, что для осуществления профессионально-педагогической деятельности необходима особая подготовка специалистов.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Закон об образовании. - Астана, 1999.
2. Государственная программа развития технического и профессионального образования в Республике Казахстан на 2008-2012 годы. 2008 г. 1 июля - № 626.
3. Шевелева С.С. Гуманизация образования: направление и перспективы // Педагогика. - 1996. - № 4. - С. 3-27.

Түйін

Бұл мақалада Қазақстандағы қазіргі жағдайда ауылшаруашылық саласындағы кәсіптік оқыту мамандарын даярлаудың езекті мәселелері қарастырылған.

Summary

In this article is considered training of specialists of professional education in modern Kazakhstan.

Егіншібаева Нұрзада Әбдігүлқызы-
«Қазақ тілі» кафедрасының
меңгерушісі, филология ғылымының
кандидаты, доцент

Қалықова Рая Сүгірбайқызы-
«Қазақ тілі» кафедрасының аға оқытушысы

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Біз тәуелсіздікпен бірге тілімізді түлеттік, дінімізді өркендеттік, тамырымызды жалғап, салт-дәстүрімізді жаңғырттық.

Ұлттық жаңғыруды жүзеге асырып, жаңа құндылықтар қалыптастырдық. Ғасырлар қойнауынан асылдарымызды аршып алдық.

Халқымыздың әл-ауқатты артып, саны өсті. Ұлысты ұйыстырушы ұлтымыздың жауапкершілігі артып, бүкіл елді біріктіруші қызметін бекемдей түсті.

Өркенді өзгерістерді жүзеге асырған біз осы жылдары дамудың қазақстандық дәстүрін қалыптастырдық.

Біз осылай қазығы берік, мемлекеттігі бекем Қазақ елінің айбынын асырдық.

Осының барлығы тәу етер Тәуелсіздіктің арқасы!

Н.Ә.Назарбаев

Тәрбие – ағарту ісі мен оқытудың алтын арқауы. Әлемнің Екінші ұстазы әл-Фараби: «Тәрбиесіз білім адамзаттың қас жауына айналды», -деп, тәрбиенің дүниетаныммен, білім берумен, ағарту ісімен біртұтас әрекет екенін жоғары бағалап, оның ғылыми, әлеуметтік мәнінің зор екенін дәйекті дәлелдеген. Білім мен тәрбие егіз екендігі анық. Адам болашағын шешетін де тәрбие егіз екендігі анық. Адам болашағын шешетін де тәрбие егіз екендігі ежелден белгілі, көңілде жатталған ұлы түсінік болғанмен, оны педагогикалық-психологиялық тұрғыдан келгенде қалай жүргізу керек, қалай ұйымдастыру керек деген мәселе күн тәртібінен түспейтіні ақиқат.

Адам өмірінде тәрбие мәңгілік категория болмаса, оны ұйымдастыру, жүзеге асыру ешуақытта ескірмейтін, қайта уақыт озған сайын жаңарып, әрбір кезеңінің өз талабына лайық жетіліп отыратын үзіліссіз құбылыс деп түсінеміз. Демек, осы үдерісте жеке тұлғаның физиологиялық және психологиялық даму ерекшелігіне жете көңіл бөлу қажет. Ұлттық құндылықтар негізінде жеткіншектерге тәрбие беру, соның ішінде, ұлттық тәрбие беру мәселесінің қазіргі таңда өзекті болып отырғаны белгілі.

Жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие «Қазақ этнопедагогикасы», «Мәдениеттану», «Ұлттық тәрбие» сияқты халықтық педагогика құралдарын, ұлттық әдебиетті, халықтық

салт-дәстүрлерді, ұлттық мәдениет пен педагогикалық ойларды пайдалану арқылы іске асырылады. Ұлттық тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін технологиялық құралдар, сахна, экран, аудиториялар пайдаланылады, кездесулер, қойылымдар, айтыстар, ойжарыстар, конкурстар, саяхаттар, ұйымдастырылады. «Жас қанат» атты жастар ұйымы мен студенттік қауымдастықтар ұлттық тәрбиені ақпараттық жүйемен бірлесіп, жоспарлы түрде жүргізеді.

Ұлттық тәрбие «ұжымдық тәрбие» жүйесімен жалғасып, мемлекеттік дәрежеде іске асырылады. Оған көбінесе ақпараттық құралдар кеңінен пайдаланылады.

Ел, Жер, Тіл-тәуелсіздіктің үш тағанды тіреуі десек, осы тұтастықтың болашақ иегерлерін даярлайтын, аграрлық білім мен ғылымның қара шаңырағы Қазақ ұлттық аграрлық университетінің маңызы айрықша, алдына қояр мақсаты да зор. Өйткені мұнда білім алып, тәрбие көрген жастар ауылға ғылым-білімді, мәдениетті, игі үлгі-өнегені ала барады. Сөйтіп, ауылдың ризық-дәулетін ғана емес, оның рухани сәулетін де көтеруге ат салысады. Ал осының бәрінің негізгі университет қабырғасында қалануға тиіс

Университетте «Әлеуметтік-гуманитарлық білім беру және тәрбие институты» ашылған, оған мемлекетіміздің қайраткері, талантты ақын, жазушы, дипломат Олжас Сүлейменовтың аты берілді. Ол – қазақстандық үздік он адамның

ішінен «XX ғасыр адамы» атағының иегері.

Институт кафедралары үш тілді үйрену бағдарламасын нақты енгізіп отыр: қазақ тілі, орыс тілі, шет тілдері. Ең басты назарда болатын нәрсе – қалың қазақ ортасында – ауылда еңбек ететін жас маманның мемлекеттік тілді құрмет тұтып, ұлттық рухани құндылықтарды ұлықтап, ұлттық рухани құндылықтарды ұлықтап, ұлттық тәрбиеге ерекше мән беруі. Себебі ол, біріншіден, тәуелсіз Қазақстанның рәміздерін құрметтеп, ардақ тұтар отаншыл азамат. Екіншіден, өз саласында мемлекеттік тілдің мәдениеттің дамуына тікелей қолғабыс етуші саналы да сауатты жан. Оқығанын, көргенін, білгенін, өмірден түйгенін насихаттай алатын жаңаша сипаттағы маман.

О.Сүлейменов атындағы институттың басты мақсат-міндеттері еліміздегі және әлемдегі оқиғаларды дұрыс бағамдау үшін жастарға гуманистік сананы және ғылымидүниетанымды дарыту, еліміздегі тіл саясатын жүзеге асыру, салауатты, өмір салтын қалыптастыру және жан-жақты рухани тұлғалық қасиеттерді дамыту болып табылады. Ақын атындағы институт құрамындағы барлық қоғамдық пәндер кафедралары, әскери, дене шынықтыру және спорт кафедралары, халқымыздың ұлттық мәдениеті мен көркем өнерінің түп қазығы «Рухани тәрбие беру», жастар саясатын жүзеге асыруға бағытталған «Рухани және эстетикалық тәрбие», «Интеллектуалды даму», «Патриоттық тәрбие», «Салауатты өмір салтын дамыту», «Құқық-тәрбие», «Тілдік дайындық», «Студенттерді әлеуметтік қорғау», «Ұлтаралық татулық орталықтары қайраткер тұлғалардың өмірі мен шығармашылықтарын үлгі етіп отырып жастарға жан-жақты тәрбие беруде. Адами құндылықтар меноның адам өміріндегі ролін анықтайтын, тәрбие негізін беретін осы орталықтарды бір институттың құрамына шоғарландыру Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің ректоры, академик Т.И.Есполов мырзаның тікелей өз бастамасы.

Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке кірігуіне қатысты білім беру саласына қойылып отырған заман талабы-шығармашылықпен жұмыс істей алатын, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеп қалыптастыру. Аталған институттың құрамына кіретін қазақ тілі кафедрасы ұжымының негізгі мақсаты – мемлекеттік оқыту, меңгерту және өскелең ұрпақтың жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде ұлттық тәрбие бағыттарында жан-жақты білікті де білімді тұлға ретінде

қалыптасуына адамгершілікті маман болуына бағдар беру.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ана тілі» газетіне берген «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» атты сұхбатында, әсіресе, ауылшарушылық маманндығына қатысты факультеттерде оқитын студенттердің мемлекеттік тілді игеру сапасының ас маңызды екендігін ерекше атап өткен еді. «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында: «...Бұл бағдарламаның түпкі мақсаты – еліміздің тәуелсіздігінің баянды ету, қазақтың ұлт болып өркендеуіне жол ашу, оның тілі мен мәдениетінің кең құлаш жаюына мүмкіндік туғызу» десе, ал «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауында «... Біздің міндетіміз – 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын – 80%, 95%-ды құрауы тиіс» - деген нұсқаулық сөзіне қатысты жастарды мемлекеттік тілді меңгертуде, мәдениетті тұлға ретінде қалыптастыруда қазақ тілі кафедрасының ұжымы қазіргі заманғы озық бағдарламалар мен әдістемелерді негізге ала отырып, оқытудың кредиттік жүйесі юйынша міндетті пән «Қазақ тілімен» қатар «Мемлекеттік тілде іс қағаздарды жүргізу», «Тіл және мәдениеті», «Әдеби мұра», «Іскерлік қазақ тілі», «Кәсіби қазақ тілі» таңдау пәндерінен қалауы бойынша студенттер мен магистранттарға және қызметкерлерге сабақ жүргізіп, абыройлы еңбек етуде.

ҚР Президентінің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқыған лекциясында жастар тәрбиесіне ерекше мән берілген. Осы бағытта кафедра ұжымының әрбір сабағының көлемді бір бөлігі тәрбие жұмысымен ұштасып отырады. Патриоттық, адамгершілік-рухани, интеллектуалды тәрбие беру бағытында соңғы жылдары Ілияс, Сәкен, Бейімбет сынды саңлақтарымыздың мерейтойына арналған «Үш бәйтерек» атты әдеби кеш; М.Әуезовтің мерейлі мерекесіне арналған «Мұхтар мұрасы – адамзат байлығы»; Б.Момышұлының 100 жылдық мерекесіне арналған «Бауыржан мұрасы – ұрпаққа»; Ф.Оңғарсынованың 70 жылдық мерейтойына арналған «Көктем, жастық, махаббат» атты әдеби кештерді өткізуде орыс бөлімінің өзгетілді студенттері қазақ тілінде баяндамалар дайындап, мәнерлеп өлең оқып, өлең-жырларды жатқа айтып, түрлі қойылымдар көрсетті. Бұл – біздің ұжымның Қазақстан Республикасы Ата заңын, «Тіл туралы» Заңын, мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі мемлекеттік

бағдарламаларын орындау бағытында өткізген шаралары. Сонымен қатар Ұлы Отан соғысының Жеңісіне, Қазақстанда тұратын халықтардың Тіл мерекесіне арналған салтанатты кештер, «Тіл тәуелсіздік тұғыры», «Ұмытылмас желтоқсан атты дөңгелек үстелдер, ақын Ақұштап Бақтыгереевамен кездесу, «Тұлға бейнесі – жастарға үлгі» тақырыбында О. Сүлейменовпен кездесу кештері; «Нашақорлық-ғасыр індеті» тақырыбында дөңгелек үстелдер, т.б. атап өтуге болады. Барлық студенттік жатаханалада «Ата салтың – халықтық қалпың», «Қазақ ханшайымы» тақырыбында қыз сыны, «Жігіт сұлтаны» байқауларының үнемі өткізіліп отыруы жастардың қазақ тілінен алған білімдерін ұлттық тәрбиемен ұштастыру мақсатынан туындаған.

Аталмыш институтта Қазақ тілі кафедрасының ұйымдастыруымен «Әдеп» және «Парасат» клубтары жұмыс істейді. Көрегендік пен тектілікті ерекше қастерлейтін халқымыздың инабаттылық өнегесінен бастау алған «Әдеп» қыздар клубының мақсаты мен мазмұнын халқымыздың әдеп-инабат дәстүрінің мәйегі құрайды. Халқымыздың мақтанышына айналған, үлгілі тұлға ретінде танылған қайраткерлермен, іскер әйел азаматтармен кездесулер өткізу дәстүрге айналған.

Қоғамдағы өмірдің мәні мен сәні, мерейі мен берекеттілігі, жақсылығы мен жарастығы, бірлігі мен ынтымақтығы, түптеп келгенде, адамдардың әдебі мен инабатына, имандылығы мен арұятына байланысты. «Хадистерде»: «... Әдетте ынсап, рақым, әдеп болмаса, адамның өзге хайуаннан артықтығы болмас еді... Әдеп – діннің жаршысы. Әдепті кісідеұят бар, ұяты бар кісіде иман бар», - делінуі тегін емес. Өмірде кім-кімнің де кісілігі ең әуелі оның іс-әрекетінің, мінез-қылығының әдептілікке жататын-жатпайтынына қарай бағаланады. Әдепті адамдар, әдетте, арлы да иманды, қайырымды да мәйірімді келеді; айналасымен, ел-жұртпен сыйластықта, ынтымақ-бірлік пен татулықта өмір сүреді. Бағзы заман даналарының: «Тіпті күш арқылы жете алмайтын жеңіске әдептің арқасында жетуге болады. Қайда барса да,

құрметпен қарсы алынатын адам – әдепті адам», - деулерінде өмір шындығы жатыр. Сондықтан да әрбір жеткіншек ұрпақ, ең алдымен, туған халқының әдеп-инабат тағылымын бойына сіңіріп өсуге тиіс. Сонда ғана бәріміз ғұмыр кешіп, еңбек ететін, аялап ұл-қыз өсіріп, бақытқа талпынатын қоғамдық ортада адамның алтын басын ардақтайтын шынайы адамгершілік көзқарас үстем болып, ізгілік салтанат құрады.

«Әдеп» және «Парасат» клубтарының бағдарламаларында түбі бір түрткіжұртының, мұсылман шығысы мен дүние жүзінің де өнегелік тағылымдары, халық фольклоры мен көне заман даналық кітаптарынан алынған асыл үлгілер, әлем ойшылдарының ой маржандары қамтылған. Атап айтқанда: «Әдеп жолы әріден басталады», «Әдеп пен салт-сана сабақтастығы», «Сөз қадірі – өз қадірін», «Алдымен сүй, ардақта ата-анаңды», «Тәрбиелі-тәртіптің құлы», «Нысап-тойымсыздыққа тоқтау», «Имандылық-инабаттылық мұраты», «Парасат-ақыл мінез жарастығы», «Аманат-ар-иманға сый», «Сабыр-ақыл серігі». Бұл үйірмелерге студенттер қалаулары бойынша ерекше ынтамен қатысып, пікір-сайысқа ұластырып, Қазақстан Республикасының белгілі қоғам қайраткерлері, іскер әйелдер асоциасының және әйелдер кеңесінің мүшелерімен университет студент қыздарының кездесулері өткізіліп отырады. «Әдеп» қыздар клубы жұмысының нәтижесі университет көлемінде өткізілетін «Қыз сыны» байқауын өткізу арқылы көрініс табады.

Тәуелсіздіктің 20 жылдық мерейтойы қарсаңында студенттермен «Тіл тәуелсіздігі, ел тәуелсіздігі», «Менің елім- Қазақстан», «Желтоқсан желі» атты әдеби-сазды кештер университетіміздіге аға буын академик, профессор ғалымдарымызбен «Біздің мақтан тұтар ұстаз-ғалымдарымыз» тақырыбында кездесу, пікірлесу өткізу жоспарланып отыр.

Бүгінгі және келер ұрпағымызды өз Отанын, жерін, елін сүйуге тәрбиелеп, ата-бабаларымыз бекітіп айқындап кеткен сара жолмен ұлттық рухта тәрбиелеу-бәрімізге ортақ іс екенін және ұлттық тәрбие – ұлт болашағының кепілі екенін ұмытпағанымыз абзал.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына жолдауы. Астана – 2011ж.
2. ҚРПрезидентінің «Ана тілі» газетіне берген «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» атты сұхбаты.
3. ҚР – Білім беруді дамытудың 2011-2020жж арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2010ж.
4. Табылдиев Ә. «Ұлттық тәрбиенің мәні мен мазмұны». «Ұлттық тәрбие» журналы. 2(5)2011ж.
5. Ағанина Қ.Ж. «Тәуелсіз ел ұрпағының экономикалық тәрбиесі». «Ұлттық тәрбие» журналы. 2(5)2011ж.

Резюме

В данной статье рассматриваются методы воспитания молодежи на основе национальной культуры и традиции.

Summary

This article deals with the education on the basis of national culture and traditions.

Иманғалиев Бауыржан Сәбитұлы –
филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

МҰХИТҚА ТҮСКЕН ЖЕЛҚАЙЫҚ

/Мәдени өмірдің мұқалмас жанашыры, «Темір нарком» атанған
Темірбек Жүргеновтің қаламгерлік қажыры хақында.../

Бойынан өмірге құштарлық оты бір сәт бәсеңсімей, еліне деген алаулы сезімі жүрегімен қоса дүрсілдеп соғып тұрғанда ғұмыры мезгілсіз қиылғаннан аянышты нәрсе бар ма екен?! Т.Жүргенов небәрі 39 жыл жасады, үшінші мүшелінен шыға бергенде өзі керемет үміт еткен мына өмірге соңғы рет дұрыстап та қарай алмай, не болғанын жөнді ұғып та үлгермей кете барды. Кешегі 37-де орылып түскендердің баршасының түйінді тағдыры бұл. Олардың барлығы көмбесіне жеткен құлаған сәйгүлік тәрізді бойындағы барын сарқи алмай кеткендер.

Биыл есімі тек қана қазаққа ғана емес, исі түркі жұртына мәлім, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қаламы қарымды сыншы, көсемсөз иесі Темірбек Қараұлы Жүргеновтің туғанына 113 жыл, құрбан болғанына 74 жыл болды. Ол Тәжік АССР-інің қаржы наркомы, Өзбек АССР-інің Халық Ағарту Комиссары, Қазақ АССР-

інің Халық ағарту комиссары қызметтерін абыроймен атқарған азамат. Т.Жүргеновтің қазақ мәдениеті мен әдебиеті, ғылымы мен білімін дамытуға, олардың аса қиын кезеңде қалыптасуына қосқан үлесі зор. Ол қазақ өнерінің дамуы мен қазақ тілінің республикада негізгі қолданыс тілі болуын арман етті және сол үшін күресті.

Бүгінгі сөз – қазақ мәдениеті мен әдебиетінің төрт тірегінің тек бірегейі қайраткер-қаламгер Т.Жүргеновтің әдеби мұрасы туралы болмақ.

Оның жазушылық және публицистикалық қызметін қайраткерлік қызметінен, қалам сапасын қайраткерлік сапасынан бөліп алып қарауға келмейді. Қоғамдық-әлеуметтік қызметі біршама зерттелсе де, Т.Жүргеновтің қаламгерлік қарымы назардан тыс қалып келеді. Себебі, оның қаламгерлік қабілеті мемлекеттік қызметінің тасасында қалды.

Қайраткердің қаламгер ретінде қалыптасуына біріншіден, Темірбек Жүргенов Шығыс пен Батыстың мәдениетін

тең игерген жаңа толқынның өкілі. Ол кезінде Ырғыз бен Сыр бойы аралығын жайлаған қалың елге белгілі болған, ел ұстаған билік иесі, өз заманының талабын аңғара білген көзі қарақты жан Қара Жүргенұлының бел баласы. Осындай дәулетті, тәрбиелі ортада өскен Темірбек өз кезеңі үшін тиянақты білім, ұлағатты тәрбие алды, дәстүрлі халықтық ортада тәрбиеленді, ұлттық психологияны, саз бен сөз мәдениетін ананың сүтімен, атаның қанымен бойына сіңірді. Жас Темірбектің ұстаздар жағынан да жолы болды. Осылардың ішінен екі кісіні – Сыр байының белгілі ағартушысы, ақыны Тұрмағанбек Ізтілеуұлы мен Аламесек орыс-қазақ мектебінде сабақ берген, қазақ тарихындағы алғашқы орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздіктің авторы Досмұхаммед Букинді атап айтқан жөн. Алғашқы ұстазының шарапатты әсерімен жас Темірбек бірнеше шығыс тілін меңгеріп, шығыс мәдениетінің жауһарларымен жастай танысса, соңғы ұстазының көмегімен Еуропа мәдениетін, соның ішінде орыс мәдениетін, әдебиетін, тілін, осы қоғамдағы озық ревалюцияшыл идеяларды терең игерді. Сөйтіп, Т.Жүргеновтің дүниетанымында шығыстық және еуропалық дүниетаным кіріге тоғысып, біртұтас рухани дүниеге ұласты. Қайраткер-қаламгердің көзқарас эволюциясындағы осы ерекшелік соңыра оның мәдени құрылысқа, ағарту саласына байланысты мәселелер түйінін әрі тез, әрі дұрыс тарқатып отыруына көп көмегін тигізді.

Екіншіден, Т.Жүргенов 20-30 жылдардағы үркердей қазақ интеллегенциясының көрнекті өкілі. Оның ат жалын тартып мінген азаматтық өмірі бірден ұлттық ояну, көтерілу, серпілу және ұлттық-саяси тәуелсіздік жолында күресу кезеңінде тұспа-тұс келді. Т.Жүргенов Нәзір Төрекұлов, Әліби Жангелдин тәрізді қайраткерлермен бірге иық тіресіп, ең алдымен өзі өкілі болып саналатын қазақ халқының мүддесіне қызмет етті. Осы жерде Жүргенов қоғам қайраткері ретіндегі қызметін партиялық функционер емес, 1918 жылы «Қазақ мұңы» газетінің жауапты хатшысы болып, қалам қаруын сілтеп бастағанын баса айту жөн. 20-жылдар басында Т.Жүргенов республикалық «Еңбекшіл қазақ» газетінің буынын бекітіп, бұғанасын қатыру ісіне қаламымен де, ұйымдастырушылық

қажырымен де атсалысты.

1924 жылы Ташкентке келіп, САГУ-де оқып жүріп, әрі Қазақстанның Түркістан республикасындағы өкілді қызметін атқарған кезде де Жүргенов қалам қақ ортасынан табылды. Осылайш.

Темірбек Жүргенов дегенде 1927 жылы Ташкентте ұйымдасқан алғашқы Қазақ педагогикалық - институтының ректоры (Абай атындағы АлПУ), Тау-кен институтын (Қ.Сәтбаев атындағы Қаз ҰТУ), әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ін құру, жаппай сауаттандыру, 10 жылдық білім берудің күні бүгінге дейін үзілмеген желісі еске түседі, Т. Жүргенов дегенде 30-жылдар басында Голощекин лаңынан кейін тұралап жатқан ұлттық білім мен мәдениеттің тамырына қан жүгіртіп 4000 мектеп салдырып, қазақтың «Луначарскийі» атанған ағарту комиссары, тұңғыш ұлттық опера өнерін дүниеге келтірген, 1936 жылғы Мәскеудегі сәтті өткен қазақ өнер декадасы, «Шахнаманың» тұңғыш қазақшаға аударылуы, «Хан Кене», «Жалбыр», «Шұға» пьесаларының алғаш көрсетілімдері Қожа Ахмет Яссуи мавзолейін өзі басқаратын мәдениет комитетінің қарауына алуы ойға оралады. Осындай іргелі, игілікті істерді басқарып жүріп, артынан мол әдеби-публицистикалық еңбектер қалдырған. Тарихи антология жағынан бұл мысал өркениеті мен мәдениеті теңескен батыс елдердегі қоғам қызметін қалам қызметімен қатар алып жүрген Робеспьер, Е.Дашкова, Ф.Раскольников тәрізді қайраткерлер үлгісімен теңеседі.

Темірбек Қараұлының жаны ғалым, зерттеуші еді. Жаратылыс сыйлаған осы бейімдіктің соңына біржола түсуге заманы мұрша бермесе де, ол өмірінің ақырына дейін тасқа басылған сөзге деген сағынышының сарығын баса алмай өтті.

Сөз қадірін білетін, сөз баққан ортада өскен Т.Жүргеновтің 1920 жылы Орынборда «Ұшқын» газетінде жарық көрген «Переводчиктің қиялы» атты сықақ өлеңі бала жігіттің сөз өнерінде қара жаяу еместігін бірден танытты. Абайдың «Болыс болдым, мінеки» өлеңінің үлгісінде жазылған бұл сахналық интермедия қазақ әдебиетіндегі сатиралық монологтардың алғашқы үлгілерінің бірінен саналады. «Переводчиктің қиялы» қазақ сахнасының майталманы Серке

Қожамқұловтың репертуарынан ұзақ жылдар бойы тұрақты орын алып келеді.

Оның 1924 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының №4-санында жарияланған «Меруерт» әңгімесі 20 жылдардағы ұлттық прозамызда өз кезеңіндегі ең өзекті, ең көкейкесті тақырыптың бірі - әйел теңдігі мәселесіне арналған.

Кейіпкерлер тағдырының ұқсастығы, тақырып ортақтығы және кейбір суреттеу тәсілі жағынан «Меруерт» М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесімен үндес. Ол сюжетті өмірде жалт еткен бір сәттік оқиғаға (Меруерттің иесіз қорада жатып қалып, шалығуы), яғни метонимиялық принципке құрады. Бұл жағынан әңгіменің новеллалық сипаты басым.

Темірбек Жүргенов қазақ өнерінің қанат жаюына қыруар тер төкті. Белгілі өнер қайраткері Құрманбек Жандарбеков ол туралы: «Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз. Біз оны қазақ өнері мен әдебиетінің білімдары ретінде танимыз. Біз оны Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз» дейді, ал академик Ахмет Жұбанов: «Жүргеновтің кабинетінен шыққанда Алатауды айырып, Қаратауды қайырып шығатындай күш-жігермен шығатын едік» деп, өнер басшысының қажыр-қайратын жоғары бағаласа, жазушы Ғабит Мүсірепов: «Жүргенов - тілді де тісті, жігерлі де іскер адам» деп талантына ерекше ден қояды.

Т. Жүргенов 30-жылдар басында әдеби сын мақалалар жазуға, соның ішінде театр сынына көбірек көңіл бөлген. Бұл өреде Б.Майлиннің «Шұға» пьесасының алғашқы қойылымына арналған «Ушуга» рецензиясын (Казахстанская правда, 1934, 21-маусым) атап айтқан жөн. Автордың пайымдауынша, ендігі жерде әдебиетке Меруерт тәрізді шарасыз бейнелер емес, Шұға сынды сындарлы, рухты, кесек образдар қажет.

«Өнер-өнер үшін емес, өнер-әлеуметтің мұң-мұқтажына, арман тілегіне қызмет көрсетуі тиіс» дейтін өзекті ой Темірбек Қараұлының қаламынан қорытылып шыққан «О пьесе «Хан Кене» и ее критиках» (Казахстанская правда, 1934, 12-маусым) мақаласында жалғасын тапты.

1928 жылы жазылғанымен, содан бергі уақытта сахналауға рұқсат берілмей келген

М.Әуезовтың «Хан Кене» пьесасын алғаш драма театры репертуарына енгізген, жетекшілік жасаған Ағарту Халық комиссариаты. Спектакль 1934 жылы мамырда қойылды.

Темірбек Қараұлы - өзінің тарихи принцип көзқарасын әдеби мұраны игеру ісіндегі тарихи сабақтастық принципіне ұластырған сыншы. «Казахский перевод» Шахнаме» атты көлемді мақаласы (Казахстанская правда, 1935, 1-сәуір) автордың осы өредегі көзқарасын толық танытты. Фирдаусидің туғанына 1000 жыл толуы қарсаңында оның мәңгі өлмес мұрасы – «Шахнама» дастанын қазақ топырағында бірінші болып аударған Сыр бойының білімдар ақыны Молда Ораз нұсқасын ел ішіндегі бір қарапайым шаруаның қолынан таптырып алдырған Т.Жүргенов дастан жөніндегі алғашқы, әрі күні бүгінге дейін біздегі бірден-бір толымды зерттеу болып саналатын көлемді еңбекті жазды.

Т.Жүргенов өзінің сыншылық-зерттеушілік еңбегінде жекелеген шығармаларға ғана көңіл бөліп қоймай, әдебиетіміздің зәру мәселелері бойынша перспективалық бағыттарды белгілеп, әдебиет тарихындағы кесек дәуірлерге баға беріп отырған. 1925 жылы Ташкентте қызметте жүріп тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мақалалардан «Терме» деген жинақ құрастырды. Оған Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, т.б. авторлардың шығармаларын кіргізіп, Шернияз, Едіге, Базар жырау, т.б. туралы құнды мәліметтер берді. Ол 1935-37 жылдардағы әдебиет мәселелерін де назарында ұстады.

Т.Жүргенов әдебиет тарихы мәселелеріне ат басын жиі бұрды. «Жерұйық» атты мақаласында (Қазақ әдебиеті, 1936 ж. 10-шілде) Асан Қайғы тұлғасына алғашқылардың бірі болып толымды баға бергенін атап айтқан жөн. Асан жөнінде революцияға дейін қарқын алып, 1920 жылдары одан әрі жеделдеген зерттеу ісі 1930 жылдар басындатоластап қалған еді. Жүргенов мақаласы тоқырап қалған сол іске жаңадан серпін берді. Автор халық аңызы жасаған Асан Қайғы бейнесі белгілі бір дәрежеде тарихи Асанның кейпі, ол 14-ғасырда қазақ халқының жазба тарихы жасала бастаған дәуірде өмір сүрген деген ой айтты. Кейінгі зерттеулер Жүргеновтің бұл

пікірінің дұрыс екендігін көрсетті.

Темірбек Жүргенов 30-жылдары Пушкин мұрасына толымды баға берушілердің бірі. Бұл баға ұлы ақынның қайтыс болғанына 100 жыл толуы қарсаңында жарияланған «Орыс халқының ұлы жазушысы және қазақ халқы» деген мақаласында барынша бедерлі көрінді. Мұнда алғашқылардың бірі болып Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аудару дәстүріне тоқталған. Осы орайда оның Абай үлгісіне берген бағасы биік. Сыншы орыс ақыны мен қазақ ақынының ақындық қуаты мен өрнегіндегі ұқсастықты нақты мысалдармен көрсетеді.

Халық Ағарту комиссары екі тілде бірдей жазған алғашқы билинг қайраткер-қаламгерлеріміздің бірі болды. Тілді жазушы еңбегінің құрылыс материалы ғана емес, мәдениеттің, білімінің іргетасы деп білген ол тіл туралы айтыстан шет қалмай, сол өредегі білікті де салмақты пікірлерін көп талқысына салып, ең бастысы, практикалық басшылық саласына көшіріп отырған. Қайраткердің қазақ тілінің түсініктілігі, мәдениеттілігі, тазалығы туралы ойлары, әсіресе термоналогияға қатысты ұсыныс-пікірлері әлі күнге маңызын жойған жоқ. Жүргенов тіл қолданушыларды, әсіресе зиялы қауымды қазақ әдеби тілінің бұзылып, көпшілікке түсініксіз жаргонға айналуынан сақтандырды. Осы тақырыпты «Қазақ тіліндегі терминология мәселелері», «Қазақ әдеби тіліндегі келеңсіз жағдайлар» атты мақалаларында өрбіткен ол 20-жылдары А.Байтұрсынов бастаған термин жасаудың ғылыми принциптерінен ауытқымауды, яғни термин сөздерді метаморфалау, морфологиялық және синтаксистік тәсілмен қазақтың төл сөздері мен ұғымдарынан жасау әдісін жалғастыруды, сонымен бірге аударуға келмейтін, қазақша барабар (адекват) мағынасы жоқ халықаралық атылымдарды өзгеріссіз алуды ұсынды.

Т.Жүргеновтің ана тілге деген сүйіспеншілігі мен қамқор көзқарасын белгілі композитор Е.Брусиловский өзінің «Дүйім дүлдүлдер» атты мемуарлық кітабында төмендегідей сүйсіне еске алады:

«Жүргенов өз кабинетінде мәжіліс өткізбек болды. Шамамен алғанда отыз шақты кісі жиналды, ішінде тек екі адам - қарағандылық Б.Н.Орлов және мен орыс жұртынан едік.

Наркомның өзі де, басқа сөйлеушілер де тек қазақ тілінде сөйлеп отыр. Бір кезде Борис Николаевич орнынан тұрды да Жүргеновтен қазақша сөйлемейін өтінді, мұнда не жайында әңгіме болып жатқанын өзі ұқпай отырғанын, сөйлеушілерді ол түсінетіндей болуы үшін орысша сөйлеу жөн екенін айтты. Бір кезде Жүргеновтің қара көздері ұшқындап кетті. Жұрттың бәрі бүкшіе түсіп, тым-тырс бола қалды. «Сіз қайда отырсыз, Орлов жолдас!» Ашу найзағайы үрейлене бүгжиген қайраткерлерінің үстінен ойқастой шапшыды. «Сіз қайда жүрсіз, өзіңіз!» деп Жүргенов дауысын бұрынғыдын бетер қатайта сөйледі: «Сіз Қазақстанға келдіңіз екен, егер де мұнда жұмыс істегіңіз келсе, сіз республиканың мемлекеттік тілін білуге міндеттісіз! Сіз қазақ әндерін де орыс тілінде зерттемекшісіз бе?» деп өзге ұлттан қазақ тілін құрметтеуді талап етті».

Апырмай, ұлт намысы дегенде жанып кетер сондай батылдық бүгінгі қандас шенеуніктерінің бойында болса ғой деп ойлайсың. Өкініштісі, басқа ұлттың бірлі-жарым өкілі отырса болды-ақ: «Бәрімізге түсінікті тілде сөйлейін» деп орысша сайрай жөнелетін дерттен біз әлі де арыла алмай жүрміз-ау. Жүргеновтің қылышы жаландап тұрған сол 30-жылдардағы ерлігі ұрпаққа зор тағылым. «Бүкіл дүниежүзілік мәдениетке өз ана тілімізді жақсы білгенде, соны үйренгенде ғана жетуге болады» деген Темекеннің сөзі бүгін өз көкейкестілігін жоғалтқан жоқ.

Темірбек Жүргенов – ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. Оның көсемсөз мұрасының бастауын 3 нәрседен: жеке басының бұйдагерлік (лидерлік), саясаткерлік, және ұйымдастырушылық қабілетінен алады. Бұған оның «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздық жою» кітаптары, «Саяси экономия» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары» және т.б. очерктер мен мақалалары жатады.

2008 жылдың 14-15 қарашасында туған жері Қызылорда, алғаш қызметін бастаған Ақтөбе облыстарында қайраткер-қаламгердің 110 жылдығы жоғары деңгейде аталып өтілді. Ғылыми-танымдық конференциялар мен фестивальдар ұйымдастырылып, әр түрлі

мәдени шаралар өтіп, Жүргеновтану әлемі кеңейіп келеді.

Т.Жүргеновтің мол мұрасын зерттеу ісі енді басталды. Өзі мерт болса да оның ісі, атқарған қызметі, халқының болашағына сіңірген қалтқысыз еңбегі бүгінде өз дәрежесінде бағалануда. Артында мұра болып қалған 7 кітабы, 150-ге жуық әдеби-мәдени, оқу-ағарту

саласында жазған құнды дүниелері шаң басқан архив сөрелерінен алынып, өз бағасын ала бастады. «Жүргеновтің публицистикалық мұрасы» атты тақырып алда өз зерттеушісін күтіп бағалануда. Оның осы саладағы қызметі жүйеленіп, жазғандары түгел жарыққа шыққаннан кейін Жүргеновтанудың аясы кеңіп, міндеттері саралана түспек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. З.Ахметов. Олең сөздің теориясы. - Алматы, Мектеп, 1973 —21 б.
2. З.Қабдолов. Әдебиет теориясының негіздері. - Алматы. Санат.1994-448б.

Резюме

Статья посвящена изучению и научному анализу литературного наследия известного общественного деятеля Темирбека Жургенова.

Summary

The article is devoted to studying and scientific analyses of literary legacy of famous public figure Temirbek Zhurgenov.

**Джексембекова Менсулу Искаковна -
кафедрой культурологии,
доктор педагогических наук,
и.о. профессора,
Деятель культуры РК**

ЗНАЧИМОСТЬ КАФЕДРЫ КУЛЬТУРОЛОГИИ В КУЛЬТУРНО - ТВОРЧЕСКОМ СТАНОВЛЕНИИ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА АГРАРНОГО УНИВЕРСИТЕТА

К 20-тию независимости Республики Казахстан можно говорить об определенных показателях, когда вносятся конкретные новые моменты в направление воспитания и поднятия культуры студентов вуза, когда органичное развитие личности и общества, соотношение и взаимодействие культур, возможно, рассматривать как обмен культурными ценностями и взаимное обогащение, как диалог в условиях полицентричного культурного мира.

В системе образования Казахстана, развитие воспитания является одним из приоритетных направлений государственной образовательной программы, в связи с этим, объективной необходимостью становится развитие полноценной творческой личности. В свою очередь, творческая личность является неотъемлемой частью культуры, поэтому,

на наш взгляд, изучение культурологии не только компенсирует недостатки в культурном, эстетическом воспитании, но и способствует формированию у студентов вуза осознанного восприятия важности духовных сфер.

В Казахстане, опираясь на мировой опыт, сформулированы принципы формирования студентов новой формации, так как современная молодежь в лице студентов вуза – это новые люди уже с западным мышлением, чьи понятия ценности и ориентация на духовное богатство несколько заужены, поэтому задачей государства становится основным в определении направления воспитания в них процесса нравственности, духовного богатства, культурных ценностей, музыкально-творческого участия в жизни для сохранения национальных обычаев, традиции и культуры.

Учитывая, что «культура» несет чрезвычайно большую смысловую нагрузку и обозначает реальность в эстетическом воспитании личностей, и, обращаясь к раскрытию понятия «культура», хотелось бы привести несколько изречений: «культура - это исторический инвариант общественных эстетических значимостей, духовных смыслов ценностей и истинности. Культура – это особое условие и способ воспроизводства и обновления людьми общественной жизни, как путь усвоения накопленного опыта и самореализации личности (П.А. Сорокин, И.Г. Яковенко, А.Н. Леонтьев и др.).

Согласно современным педагогическим теориям развития личности в лицестудентов вузов протекает в пространстве профессиональной среды, в котором они воспитываются и которая зиждется на культурном опыте, национальных традициях и ценностях, которые со временем преобразуются и адаптируются в новых условиях подготовки специалистов.


Рассматриваемая нами проблема воспитания, заслуживающая самого пристального внимания и перечисленные ключевые моменты, определили создание новой кафедры «Культурология» в КазНАУ, не имеющих аналогов в республике, которое считается обоснованным и целесообразным в структуре университета и одновременно предопределяется самой жизнью и потребностью меняющихся интересов общества. Идея возрождения носит определение культурных целей и смыслов новой парадигмы образования. При этом не обойтись без определения места культурно-эстетического воспитания, которое со временем может утвердиться и именно в культурологическом измерении образования.

Главной целью создания кафедры культурологии, по мнению ректора, академика НАН РК Есполова Т.И. является, обеспечение знаниями о своей культуре, культуре своего народа, накопленная годами, приобщенная к не только национальному, но и мировому духовному наследию. Продолжая мысль, ректор считает, что формирование культурной, творческой активности будущего специалиста, выработка особого творческого мышления, способностей талантливой молодежи, свободное владение игры на народном инструменте, знание истории исполняемых произведений, реализуемых студентами на концертных выступлениях в залах Национального аграрного университета, концертных залах города Алматы, Республики, может поднять их на более высокий культурно-

творческий уровень.

Такое отношение, по нашему мнению, неизменно поможет выявлению и продвижению талантливой молодежи, развитию творческого потенциала, ориентированию на формирование и сохранение культуры своей страны. Тем более, тесная связь специфики искусства и культуры в воспитании молодежи всегда привлекательна и действенна тем, что они в комплексе воздействуют на формирование духовного мира специалиста, вызывая тем самым позитивные, жизнетворные процессы.

Новым этапом в достижении построения независимого, свободного и процветающего государства Казахстан, является Ассамблея народа Казахстан, горячо приветствуемым Лидером Нации Н.Назарбаевым, объявившим 2011 год - Годом Независимости под девизом «20 лет мира и созидания». Эти понятия вошли в душу народа, живущих на территории Казахстана и ставших частью менталитета.




Учитывая, что в университете обучаются более 30 народности, на разных факультетах, живущих в мире и согласии, в университете создан танцевальный ансамбль «Достык би», в котором задействованы более 60 студентов из 5-ти факультетов, танцующих в национальных костюмах танцы народов Казахстана. Этот коллектив уже заслужил авторитет, и является Лауреатом и дипломантом многих городских, Республиканских конкурсов. Главной целью является научить студентов понимать и ценить своеобразие других культур, воспитывать их в духе мира и уважения всех народов, населяющих территорию Казахстана, при этом, полиэтнический колорит обучаемых остается высшей ценностью для студентов нашего университета.

На сегодняшний день, воспитательная и социальная работа затрагивает все аспекты развития студентов вузов, основу, которой составляет культура будущего специалиста,

способной формировать, в первую очередь индивидуально-творческие способности, во-вторых - целостность педагогического процесса, поэтому, по нашему мнению, воспитательная и социальная работа носит интегрированный характер, имеющих множество направлений.


Ректорат и администрация университета оказывают помощь в проведении тематических, концертных мероприятий. За несколько месяцев существования кафедры стало традиционным проведение среди студентов 1-го курса различных мероприятий: «Мы ищем таланты», «Посвящение в студенты», городского конкурса «Жас жулдыз», «Осенний бал», акция «Анти СПИД» и т.д. Но самым главным праздничным и грандиозным мероприятием стал концерт «Тәуелсіз елім - тағдырым менің», посвященный к 20 летию Независимости Республики Казахстан и приуроченный к проведению Международного семинара, где присутствовали делегаты из 40 государств дальнего и ближнего зарубежья.



Однако необходимо учитывать, что все направления воспитания должны опираться на действующие законодательные и нормативные документы по воспитанию молодежи, поэтому выработанное Положение кафедры культурологии является своего рода внутренним нормативным документом, контролирующее функциональные обязанности каждого музыкального руководителя.

Сначала учебного года планирование работы кафедры культурологии КазНАУ заключалось: во-первых, в отборе наиболее талантливых студентов, склонных к творчеству; во-вторых, обучение студентов исполнительскому мастерству, эстраднему пению, фольклорному искусству; в-третьих, участие талантливых студентов на конкурсах, музыкальных фестивалях, смотрах художественной самодеятельности, молодежных форумах, в

грандиозных праздничных мероприятиях, университета, города и Республики.



Деятельность кафедры предполагает культурно-духовное и творческое единение студентов университета. Поставленные задачи музыкальных руководителей кафедры нацелены на организацию смотров, конкурсов художественной самодеятельности на лучшее исполнительское мастерство среди студентов, на подготовку концертной программы с тематической направленностью, обучение студентов исполнительскому мастерству игры на инструментах, эстраднему пению, фольклорному искусству, а также подготовить из числа талантливой молодежи организаторов концертной программы по заранее запланированной тематике, организаторов по проведению праздничных мероприятий, посвященным знаменательным датам РК, и обеспечению встречи с выдающимися личностями РК и т.д.

На сегодняшний день, в современном образовании проблема овладения студентами творческих специальностей (игра на домбре, на фольклорных инструментах, пение, эстрадное пение, танцы народов Казахстана и т.д.) является одним из приоритетных для немusикальных специальностей вузов. Решению данной проблемы, на наш взгляд, будет способствовать деятельность кафедры культурологии в культурно-творческом становлении будущего специалиста аграрного университета.

На кафедре культурологии работают по разным жанрам около 10 музыкальных руководителей:

- много лет, существующий домбровый оркестр им. А. Жубанова является визитной карточкой университета - музыкальный руководитель Ахатов Асылбек;
- жанр «Эстрада» украшает все концертные номера университета в течение многих лет -

музыкальный руководитель Мадамилова Лаура;
- истоки народного пения, журчащие с подмостков концертного зала, под названием «Дәстүр әні» не оставляют без внимания слушателей - музыкальный руководитель Рыскунов Мурат и Амиржанов Канат;

- танцевальный коллектив «Гүл-Бану», блистающий на многих концертных залах города, является дипломантом и лауреатом многих танцевальных конкурсов - музыкальный руководитель Тургымбаева Бану;

- кропотливый аранжировщик эстрадных песен, хоровых произведений университета -Палуанов Аскар;

- постоянно задействованный во всех мероприятиях факультетов университета, ответственный за музыкальную аппаратуру - Иманов Куат;

- существующий фольклорный ансамбль радуется своим выступлениям, насыщенностью древних инструментов - Адыкеев Казыбек.

Создание кафедры культурологии служит основанием изменениям, происходящим в системе образования и воспитания студентов вузов страны.

Не случайно, в XXI веке расширение культурных связей между народами, активное взаимовлияние различных видов духовной культуры, проникновение в сферу воспитания творчества, существенно изменяются в педагогическом подходе, методах воспитания служат средой формирования культурно-компетентного специалиста. Поэтому расширение связи между вузами, поиск

оптимальных путей и новых форм всегда приводит в воспитательной системе к высоким результатам, так как объединение подрастающей молодежи и привитие им важных духовных качеств, чувства патриотизма, нравственные и культурные стороны жизни, являются своего рода неотъемлемой частью воспитательной программой любого высшего учебного заведения.

Поэтому, на наш взгляд, при разработке основных образовательных программ и организации системы учебно-воспитательной работы, должны быть определены возможности вуза для поднятия престижа кафедры культурологии, для реализации не только на концертных выступлениях, но и создания условий для воспитания более талантливых и творчески одаренных в музыкальном направлении студентов нашего университета, в блоке - дисциплины по выбору, включить в перечень дисциплин «Культура и искусство», тогда студенты могут заниматься по университетскому расписанию и одновременно, вечером практически заниматься на инструментах, петь эстрадные песни, петь хоровые произведения и танцевать.

Таким образом, культурология является не только определенным этапом осознанного восприятия важности духовных сфер, в которой они обитают, в условиях учебно-воспитательного процесса, но и является необходимым аспектом, помогающий войти в мир духовных переживаний, когда каждый студент аграрных специальностей сможет выражать свой талант на подмостках концертных залов высшего учебного заведения.

Түйін

Бұл мақалада Қазақ ұлттық аграрлық университетінде даярланатын мамандардың шығармашылық қалыптасуында мәдениеттану кафедрасының алар орны мен маңызы зерделенді.

Summary

This article deals with importance and values of «Cultural science» department is considered by preparation of creative experts formation at Kazakh National Agrarian University.

Рақымбаева Бақытгүл Көншібайқызы,
Ускенбаева Ләззат Қуатбекқызы –
«Қазақ тілі» кафедрасының аға оқытушылары

ЖАС ҰРПАҚТЫ ҰЛТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУ

Тәуелсіз елдің ертеңі өскелең жас ұрпақта. Жас ұрпақтың бойына тәрбиенің бес көзі: тілін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, тарихын, дінін қадірлей білуге, қалыптастыруға баулу тәрбиенің ең басты міндеті. Қазіргі заманда жастарға елдің жетістігін дәріптеп, ел үшін еңбек етудің маңызын түсіндіре отырып, елін, жерін, тілін қорғауға деген патриоттық сезімін ояту керек. Рухы асқақ, іргелі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне назар аударғанымыз жөн.

Қазақ елінің болашағы-оның сапалы дайындалған, инновациялық технологияларды жетік меңгерген, қазақтың ұлттық тәрбиесін бойына сіңірген жастарымыздың қолында. Қазақ халқының ұлттық болмысы бүгінгі қоғамға сай жұмыс жасауы үшін этнопедагогикалық құндылықтарымызды қайта қалпына келтіруге ерекше мән беру шарт. Бала бесікте жатқанда «беск жырын» айтып, өсе келе ертегілердегі жағымды кейіпкерлерді үлгі ете білсек, баланың бойына ұлттық құндылықтарымызды тәрбие арқылы сіңірсек, ол бала ертеңгі күні қоғамға пайдалы іс-әрекет жасауы хақ. Мәдени мұрамызды, халықтық дәстүрімізді жаңғыртып, бүгінгі қоғамда тиімді пайдалансақ, жаһандану жетегінде кетпейтініміз анық.

Бүгінгі жаһанданған заман тұсында ұлттық тәрбиені кеңінен насихаттау жұмыстарын жүргізумен қатар, Абай айтқандай: «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге», - деген қағиданы жастарымыздың бойына сіңіруіміз қажет. Ең алдымен, тәрбие отбасынан басталады. Отбасында берілмеген тәрбие ешқашан баланы қанша жерден тәрбиеле, оған еш ой салмасы анық. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген қазақ даналығы бекер емес. Қазақ өзінің барлық адамгершілік қасиеттерін, үлгісін көрсете білген. «Ұлдың ұяты-әкеде, қыздың ұяты-шешеде» деп санаған отбасы заңын бұлжытпай орындаған. Ата-ана балаларына өз беттерінше «ар», «ұят», «намыс» қасиеттерін сақтауға, қоғауға, дамытуға үйреткен.

Ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген ата-бабамыз асыл сөздің кестесімен сәби жүрегін тербеп, ой-санасын игі адагершілікке жетеледі. Сондықтан, ата жұрттан ертеден жас буынға жалғасып келген ар-ұят сақтауға, мейірімді, ша-

рапатты, инабатты болу қалыптасқан.

Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты-ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Міндеті – мәдени-леуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі ана тілі болып қалатынын негіздеу.

Қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, білім ен мәдени рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру.

Ұлттық тәрбие ең алдымен ана тілі арқылы келеді. Биылғы Елбасы жолдауы ел экономикасының дамуына, білім мен ғылымның жаңа жетістіктерге жетуіне, әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін шешуге бағытталған бірқатар бағыттарды айқындап берді. Соның бірі-қазақ тілінің жайы. 2020 жылға дейін халықтың 95 пайызы қазақ тілін білуі тиіс деп атап көрсетті. Осыған орай тілге атүсті қарайтын қандастарымыз және Қазақстан жерін мекен еткен әрбір ұлт өкілдері қазақ тілін үйрену, сол елдің ана тілін құрметтеу арқылы елге деген құрметі мен ізетін айқындап бермек.

Мемлекеттік тілді меңгеру ұлтының болашағын ойлайтын әрбір Қазақстан Республикасы азаматының парызы. Оның дамуына, өсіп-өркендеуіне, қолдану аясының анағұрлым кеңеюіне атсалысу қазіргі таңда күн тәртібінен түспеу керек деп ойлаймын.

Өйткені, өзінің ана тілін білмейтін, тарихын, мәдениетін, өнерін, әдебиетін, ділін қастерлемейтін адамның өзге ұлтты жарылқай алмайтын ықылым заманнан бері белгілі. Тілінің мөлдір, кәусар бұлағынан нәр алмаған жан тамыры кесілген терек секілді. Бұндай ұлттың болашағы бұлдыр, келешегі келеңсіз.

Тіл-халықтың жаны. Тіл-халық өмірінің баға жетпес байлығы. Ана тілі-әрбір ұлттың, халықтың жаны және ел тарихы. Оның әдет-ғұрпы, ойлау жүйесі, дүниетануы, сөйлеу мәнері,

барлығы да тілдің тарихы болып табылады.

Адам ана тілінде ойлайды. Ана тілі адамға ана сүтімен сіңеді. Өз ана тілін әрбір адам көзінің қарашығындай сақтап қорғау керек. Ана тілі барлық халық үшін ұлттық мәдениеттің ошағы болуы тиіс.

Тіл мәселесі-адам, қоғам өміріндегі ең маңызды күрделі мәселелердің бірі. Қазіргі замандағы өмір ағысы сияқты тілде үздіксіз дамуды қажет етеді.

Халықтың ана тілі – бұл тарих, халық аманаты. Сол аманатты ұрпақтан ұрпаққа жеткізу халықтың борышы деп айтуға болады.

Қазақ тілінің байлығы мен қабілеті әлем тілдерінің қай-қайсысын алсаңыз да, соларға лайық деп айтуға негіз бар. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ұйытқы болған – оның қасиетті де киелі ғажайып тілі.

Кезінде соты, прокуратурасы, полициясы болмаған қазақтың шеті мен шегінде көз жетпейтін кең даласында жер дауы, жесір дауы, басқа да маңызды құқықтық мәселелерді хан, төрелердің кеңесшілері, данагөй билер шешіп отырған.

Өмірден көрген-түйгені көп, сөз мәйегіне түсіне білетін төбе билер ел мен елдің арасындағы не бір күрмеуі қиын мәселелерді бір ауызбен шешіп, жауласуға келгендерін достастырып жіберіп отырған. Билер айтқан аталы сөзге хан да, қара да тоқтаған.

Әр халықтың ертеден қалыптасқан ұлттық дәстүрлері, дүниетанымы, психологиялық бітім жүйесі бар десек, міне, осылардың барлығын өмірге келтірген тіл екенін білуге міндеттіміз.

Адам тәніне қуат берер асыл нәр ананың ақ сүті болса, жанына қуат берер асыл нәр – ананың тілінде. Сол ана тілінің мәртебесі артып, беделі биікке көтерілер күн келді.

Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов «Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды», - деген болатын.

Ана сүтімен бойға сіңген ана тәрбиесі, үлгі-өнегесі, асыл өсиеті адамның көкірегінде жатталып, өле-өлгенше сақталады.

Сол үшін әрбір қазақ әйелінің дүниеге әкелген сәбиі жылағанда, қазақша әлди деп жұбатып, қазақ тілінде ертегі айтып, қазақша «құлыным», «ботам» деп еркелетуі оның өмірлік қағидасына айналысуы тиіс.

Қазақтың батыры Бауыржан Момышұлынан неден қорқатыны туралы сұрағанда, ол бесік жырын айтпайтын келіндерден, ертегі айта

білмейтін әжелерден қорқатынын айтқан еді.

Ұлтымыздың біртұтас етіп ұйымдастыратын ұйытқы күштің бірі де, бірегейі ұлт тәрбиесіндегі ана екендігі айдан анық.

Бесіктен берілетін тәрбиеге айрықша көңіл бөлген ата-бабаларымыздың асыл мұраларындағы ақылы асқан Құртқа қыздың, Қыз Жібек, Қарашаш, Айман, Домалақ ананың, т.б. бейнелері, халқымыздың тәрбие, үлгі-өнегенің мәні туралы өлмес өшпес мақал-мәтелдер соның айғағы.

Қаза тілінің туын қазақ көтермесе, кім көтереді? Қазақ тілін үйренуді жүйелі түрде қолға алып, күнделікті қолдау қажеттігін түсінетін уақыт әлдеқашан жеткен сияқты.

Егеменді еліміздің мақтанышы да, мәртебесі де – қазақ тілі. Қазақ ұлтының тілі – ең бай, ең көркем тіл. Тіл – халықтың қымбат қазынасы, байлығы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, мәдениеті.

Ұлттық сана-сезімнің өсуі мен өнуі, бір жағынан, ана тілдің тағдырын анықтаса, екінші жағынан, ана тілдің даму дәрежесі ұлттық сана-сезім деңгейінің өлшеуіші болып табылады.

Қазақ халқы ар, намыс, адамгершілік, имандылық идеяларын терең түсініп, оларды тәрбиеге топтастырған тәрбие мәні ададық қасиеттерді сақтау, тәртіп бұзбау, біреудің құқығына қол салмау сипатында болған. Бұл мақсатқа жету жолы мен күнделікті тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге деп ұққан. Оған жеткізетін басты құрал-тіл деп білген. Сөз өнері әркімді ойлануға, шешен сөйлеуге міндеттеген.

Қазіргі уақытта ұлттық рухтың оянуы ұлттық тарих, мәдениет, салт-дәстүр және тілге байланысты жаңа көзқарасты қалыптастырды.

Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбиеден терең нәр алған адам жалпы адамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, адамды ойлануға үйретеді.

Ұлттық тәрбие мәселесіне қатысты Елбасының өзінің «Қазақстан болашағы – Қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Ұлттық мәдениетке, ана тілге еркіндік беру, оны тәлім-тәрбие құрылымына айналдыру, тәрбие мәселесіне ұлттық ізгілік пен өркениетті әлемдік имандылық үрдісінің ортақ мүддесін жаппай сезіну және оны кіріктіре пайдалану арқылы іске асыру керек», - деп атап көрсетеді.

Қазақстандық ұлттық тәрбиеге тәуелсіз мемлекетімізді сақтау мен нығайту мүдделі тұрғысынан қарағанымыз жөн. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек,

тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, келешекте оның барлық өіріне апат әкеледі», - деген болатын әл-Фараби.

Қазақстан бүгінгі күні өзінің әлеуметтік, экономикалық реформаларын жүргізіп келе жатқан елдердің бірі.

Келешек ұрпақ бойына отансүйгіштік сезімін ұялату үшін, алдымен тәуелсіздігімізді сақтап, өскелең ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбиені беруге аса көңіл бөлуіміз қажет.

Қазіргі таңда ұлттық тәрбие беру мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Ұрпақтың ұлтжанды, еңбекқор, білімді. Ақылды, дені сау, кішіпейіл болып қалыптасуы ұлттық тәрбиенің тигізетін әсерінің ерекшелігі. Ұлттық сана- сезімді қалыптастырғанда ғана үлкен нәтижеге қол жеткізеріміз анық.

Халқын сүйген адам ана тілін де сүйеді, құрметтейді. Өйткені, халық – тек өз ана тілімен ғана халық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2011ж.
2. Ұлттық тәрбие, № 1, 2011ж, №1, 2010 ж.
3. Ұлт тағылымы, № 4, 5 2001ж., №3, 2007 ж.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы национального воспитания молодежи, формирования уважительного, бережного отношения к родному языку.

Summary

The national education of young people, and formation attitude to native language was given in this article.

**Раисов Қазбек Дайырбекұлы-
«Қоғамдық пәндер» кафедрасының оқытушысы**

ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ САНА-СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Қазір әлемдік жаһандану үрдісі қарқын алған сайын дүние жүзі халықтары өздерінің ұлттық төлтумалығын сақтап қалуға, отаншылдық сезімдерді, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге айырықша көңіл бөлуде.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз»/1/ деп атап өткен болатын. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен

бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады.

Патриотизм - [грек, patris – отан, атамекен] – өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, қорғауды мақсат тұтатын өз Отанына, Атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезімі. Патриотизм мәселелері жаңа мемлекеттердің құрылуы, ұлттың қалыптасуы, ұлт-азаттық қозғалыстар мен соғыстар кезінде ерекше өзектілікке, саяси мәнге ие болады. Бүгінгі күні Патриотизм мәселесі жаһандану, интернационализация, мемлекетаралық, аймақтық және жер шарылық ықпалдастық жағдайында өрши

түсуде. Шынайы патриотизмді интернационализм мен космополитизмге қарсы қоюға болмайды. Өз халқын басқа ұлттар мен этностарға қарсы қоюға бағытталған патриотизм шынайы емес, ол ұлтшылдыққа және шовинизмге ұласып кетуі оңай. Ал, ұлттық және ұлттық-мемлекеттік нигилизмге негізделген интернационализм мен космополитизм жалпы адамзаттық мүдделер мен құндылықтарға қайшы келеді. Н.Г. Чернышевский айтқандай: «Өз Отанына салқын адам бүкіл адамзатқа да оша бермейді» /2/.

Патриотизм ұғымы кең: ұлттық патриотизм, мемлекеттік патриотизм және т.с.с. Патриоттық тәрбиені ойға алғанда бірінші санаға Отан түсінігі келеді. Отанға құрмет көрсету тұрғысындағы патриоттық сезім жалпы адам баласына тән туған түйсік-қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын, қуаттап-қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады. Патриоттық сезімнің нысаны мен қайнар көзіне Отан, туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі ұлттық құндылықтар жатады.

Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі, адам өз халқымен қан жағынан да және шыққан тегі, аумағы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этностық ерекшеліктері, қалыптасқан тарихи дәстүрлері жағынан да, әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен де байланысты. Ел болу үшін ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенім болуы керек. М.Шоқай 1931 жылы «Яш Түркістан» журналына былай деп жазыпты: «Ұлттық мәдениеттен жұрттай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды... «Түрі ұлттық, мазмұны пролетарлық болсын» деген формула халықтық рухқа сай келмейді. Халықтың рухани дүниесі (мәдениеті) біртұтас құбылыс. Оны «мазмұнға» және «формаға» бөлуге болмайды. Кез келген рухани мәдениет өзінің формасымен де, мазмұнымен де айқындалады» /3/.

Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлт аралық мәдени қарым-қатынасты қалыптастыруы тиіс. Балалар мен жастардың

азаматтық патриоттық білім беру ұйымдарында азаматтық-құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс тәсілдер мен оқу тәрбие құрылымының өзара іс-әрекеттік негізінде деңгейін көтеру белгіленген.

Ондай әрекеттестікті біздің ұлы ойшылдарымыз ертеден-ақ ескеріп, өз ойларын қосқан. Осындай адамның еркін әрекеттесетін мінез-құлқын тәрбиелеуде әл-Фараби:

«Әдеттенудің арқасында бізді жақсы мінез-құлыққа жеткізетін әрекеттер болып табылады. Ол адамның жетілуі оның мінез-құлықтарының жетілуіне сайма-сай келеді» /4/ деген ойы арқылы қазіргі кезде тұлғаның жеке қасиетін, мінез-құлқын қалыптастыруда жақсы әрекеттер қалыптастыру керектігі туралы ой айтады.

Бүгінгі күндегі еліміздің егемендікке жетуі халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша көңіл бөлуіне қарауды және студенттердің патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бұл бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік, тәрбиелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды.

Бұл Қазақстанның жоғары оқу орындарында студенттерге қазақ халқының этностық ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін дәріптеу жастарға патриоттық тәрбие берудің және оны қазіргі жағдайда зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі.

Жалпы Қазақстанда тұратын халықтардың қазақ халқының ұлттық тарихына деген қызығушылығын дамыту, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру оның патриоттық сезімін тәрбиелеуде негізгі бағдар болады.

Ал қазақстандық патриотизм Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады. Қазақстанның патриоты дегеніміз:

1. Қазақстанда тұраты барлық ұлт өкілдері Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен қарап, шын ниетімен қадірлеуі;
2. Қазақстанда тұратын барлық халықтардың ұлтына қарамай, Отанды қорғауға дайын болуы;
3. Қазақстан Республикасының қарулы

күштерінің әскер қатарында болатынына ұлттық патриоттық матаныш сезімінің болуы;

4. Қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға ынтылаы болуы т.т.

Өз тарихын білу-ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі, ол этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындарда жалғасын табуда маңызды. Қазіргі ұрпақтың өз халқымен бірлігін сезінушілігі және өзін оның күллі тарихи жетістіктерінің тікелей мирасқоры мен нақты сақтаушысы әрі жалғастырушысы ретінде сезінуінің мәні зор болмақ.

Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм қашанда ұлттық сипатқа ие, өйткені, патриоттық сезім мен көзқарастар қашанда белгілі бір ұлтқа, ұлысқа жатады.

Қазақ халқы ежелден басқа халықтардай Отанын, ұлтын сүйген. Батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін, ұлтын, жаудан қорғаған.

Оны Қазыбек би өз сөзінде былай келтіреді: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз; ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмі-тұзын ақтай білген елміз; асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды» /5/ дей отырып, қазақ халқының өз елін, жерін қорғаудағы қажырлығын, жанын аямайтын патриоттығын, тәкапарлығын көрсетеді. Олай болса, біз жастарға осындай ұлағатты сөздерді санасына сіңіру арқылы, оның өз ата-тегін, ұлтын, халқын сыйлауға Отанын сүйуге, өз еліне деген мақтаныш сезімін оятуға бағыт береміз.

Жастардың азаматтық тұлғасы мен отаншылдық асқақ сезімдері тек қана білім мен тәрбие барысында қалыптасады. Бұл ретте, Отан, елжұрт, төлтума мәдениет, салт-дәстүр, моралдық-этикалық нормалар туралы білім мен біліктің қайнар көзі қоғамдық ғылым пәндерінде екені, әсіресе, сол пәндердің қазақ тілді мәтіндерінде екені басы ашық ақиқат. Өкінішке орай, пәндерді саралаумен білім мазмұнын айқындауда осы мәселелерге ойдағыдай мән берілмей келеді. Рас, отаншылдық сияқты асыл қасиетті ұрпақ бойына қалыптастыру тек қана білім жүйесінің мойнындағы міндет емес. Отаншылдық кез келген ұлттық – мемлекеттік

жаралымның өмір салтына, өмір сүру нормасына айнылуы тиіс. Яғни, жас ұрпақты отаншыл етіп тәрбиелеу мемлекеттік маңызды да жауапты істердің бірі болып табылады.

Білім мен тәрбие тетіктерін ұрымтал іске қосу арқылы ұрпақ бойына отаншыл болатындай асыл қасиеттерді дарыту, түптеп келгенде Отан әлеуетін нығайтудың ең сенімді кепілі. Бұл мәселені Президент Н.Ә. Назарбаев бір сәт қатерден тыс қалдырмай, тіптен жеке басының қадір-қасиетімен отаншылықтың, елжандылықтың тамаша үлгісін көрсетіп келе жатқанына куәміз. Тәуелсіздік жылдарында Елбасының қаламынан туған «Ғасырлар тоғысында», «Тарих толқынында», «Қазақстан-2030», «Сындарлы 10 жыл» сияқта терең мазмұнға толы еңбектерінде шын мәнінде Отанын шексіз сүйгенін сол жолда қажыр-қайратымен білім-білігін жан-тәнімен жұмсай білген жанның отаншылдық рухы айқын аңғарылады. Содан да болу керек, Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымына ресми кірісу рәсімінде сөйлеген сөзінде айтқан мына ойлары біздің әрқайсымыздың жан-жүрегімізді отаншыл болуға үндеген өсиеттей баурады: «Біз Отанымыздың қасиетті байтақ даламыздың қан төгісті шайқастарда қорғаған батыр бабаларымыздың рухына лайық болуымыз керек. Олар тәуелсіздікті аңсады, біртұтас, қуатты мемлекет құруды армандады. Осы ұлы мұратты жүзеге асырудың асқақ абыройы біздің ұрпақтың пешенесіне жазылды. Біздің тарихи міндетіміз елімізді әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына қосу, сөйтіп келер ұрпаққа өркенді де өршіл Қазақстанды табыстау».

Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін оқу орындарына қойылатын талап – тәуелсіз елдің азаматын тәрбиелеу, жастардың ұлттық сана сезімін ояту, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік көзқарастарын қалыптастыру. Ал ұлттық тәрбие берудің ең басты жолы – ұлттық қадір-қасиетті дәріптеп, ана тілімізді сақтап, мәдениетімізді дамыту. Егемен еліміздің өзінің экономикалық және саяси дербестігін алғанына 20 жыл толады. Тәуелсіздік еліміздің алдына жаңа мақсаттар мен талаптар қойып отыр. Солардың бірі – азаматтардың бойына патриотизмді қалыптастыру.

Халқымыздың патриоттық үлгісін Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Ақтамберді, Бұқар жырау және XX ғасырдың басында қалыптасқан Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев сынды қазақ қайраткерлері жасап

берді деуге негіз бар.

Әйтеке би «Өмірім халықтікі, өлімім ғана өзімдікі» деп, халыққа қызмет етудің, патриотизмнің айнасы бола білді. Тәуке хан заманынан бері қазақ қоғамында патриотизм

байлықтан да жоғары бағаланады.

Қазақстан Республикасының Ата заңында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру және оны азаматтардың ой санасына сіңіруді мемлекеттік дәрежедегі мәселе ретінде жарияланған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы.- Алматы: Білім, 1998 - 37 бет.
2. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
3. Ақылбай Дулат Бейсенбекұлы. Жеке тұлғаны тәрбиелеудің этнопедагогикалық және этнопсихологиялық аспектілері . – Астана, 2011ж.
4. Кенембаева Ш.К. Жастарды патриотизмге тәрбиелеудің негізі- этнопедагогикалық тәрбие.- Павлодар, 2011.
5. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Алматы «Рауан» 1994ж.

Резюме

В данной статье рассматривается вопрос о патриотизме, стержнем которого является любовь к своей Родине, преданность своему народу, гордость за его историческое прошлое и настоящее, забота о его будущем.

Summary

This article addresses the issue of patriotism the core of which is the love of their country devotion to his people proud of its historic past and present concern for its future.

**Баймұратова Гүлмира Шәріпқызы-
«Қоғамдық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы
Батхолдин Қантай Сейітұлы-
Алматы технологиялық университеті
«Қоғамдық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы**

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Біз өмір сүріп отырған уақыттың басты ерекшелігі-күн өткен сайын қарқындап бара жатқан жаһандану үрдісі. Қазір барлық елдер мен мемлекеттер жаһандану жағдайында өмір сүруге бейімделу үстінде. Біздің қоғам да қаласын- қаламасын бұл үрдістен шет қала алмайды. Батыстың технологиялық жетістіктерін, өндірісті ұйымдастыру мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау әр адамның тыныс-тіршілігі мен күнкөрісіне әсер етіп, қоғамдық өмірдің әлеуметтік-рухани негіздерін жан-жақты өзгеріске ұшыратты. Халқымыздың атадан балаға

мирас болып келе жатқан кісілік, кішіпейілдік, бауырмалдық, мейірімділік, ар-ұят сияқты дәстүрлі құндылықтары батыстың тауар шығару оны сатып, пайда табу принципіндегі идеологиясының көлеңкесінде қалып барады. Осы тұрғыдан қарағанда, білім беру мен тәрбиенің заманауи мәселелерінің маңызы арта түседі және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты 2011 жылғы Қазақстан халқына жолдауында «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз», -дегені бекер емес.

Демек, елдігіміздің болашағы-жастарымызды сапалы біліммен сусындатып, оларды заман талабына сай өнегелі, парасатты, рухы биік, елжанды интеллектуалды азамат ретінде тәрбиелеу қазіргі отандық білім беру жүйесінің басты мәселелерінің бірі. «Білім туралы» Занда да, білім беру жүйесінің басты міндеті ғылым мен тәрбиенің жетістіккерімен қатар, ұлттық рух пен жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастырып, дамытуға жағдай жасау қажеттілігі айтылған. Ендеше, білім және ғылым министрлігі халқымыздың ғасырлар бойы сыннан өткен рухани құндылықтарының негізінде заман талабына сәйкес келетін ұлттық тәрбиенің үлгісін жасауы қажет.

Болон процесіне қосылғаннан бері жоғары оқу орындары білім берудің несиелік технологияларына көшкені белгілі. Оқу үдерісі шеңберінде білім алу траекториясын тандау мен білім көлемін несиелік түрінде есептеуге негізделіп, білім сапасын арттыруға бағытталған бұл жүйенің негізгі тұлғалары-тәрбие жұмысы міндеттеріне жатпайтын тьюторлар (tutor) мен әдвайзерлер (advisor). Демек, дәстүрлі тәлімгерлер (кураторлар) институтының студент жастарға тәрбиелік ықпалы бәсеңсіді. Бұған себеп, біріншіден, несиелік оқыту жүйесінде оқу тобы тәлімгерінің статусы жоқ. Екіншіден, олардың психологиялық-педагогикалық даярлығы жеткіліксіз. Үшіншіден, еңбек ақының төмендігінен оқытушылар басқа жерден қосымша табыс көзін іздеуге мәжбүр. Тәлімгерлік институтының, оқу топтарындағы тәрбие жұмыстарының әлсіреуі студенттер арасында ұжымдық жауапкершілікке, ұжымдық мүддеге кері әсер етті. Жастарды жеке тұлға ретінде қалыптастырудағы тәлімгерлер мен академиялық оқу топтарының беделін арттыру, тәрбие жұмысын жетілдірудің маңызды шарты болуы керек.

2011 жылғы қазан айында Ел басы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға қол қойды. Мұндағы басты өзгеріс, оқытудың барлық деңгейі үшін жан басына қарай қаржыландыру жүйесіне көшуге негіз

қалануы. Білім беру ордаларының жұмыс сапасын жаңа инновациялық деңгейге көтеруге ықпал ететін бұл жүйеде тәрбие саласын қаржыландыруға жіті мән берілсе, көпшілік көңілінен шығатыны сөзсіз.

Жоғары оқу орнындағы тәрбие жұмысында бірінші курс студенттерін жаңа әлеуметтік ортаға бейімдеу ерекше орын алады. Жаңа ортадағы орасан зор ақпараттар ағымы, жоғары оқу ордасының кешегі оқушыға қоятын өзгеше талаптары, «оралмандар» деп аталып жүрген қандастарымыздың мүлде жаңа жағдайға тап болуы, қала берді ауыл мен қаланың арасындағы ерекшеліктер, «студент» статусына ие болып, үйреншікті отбасынан алыстап кеткен жастардың психикасына ғаламат салмақ екені белгілі. Осы орайда, кешегі мектеп түлегін жаңа өмірге қиындықсыз және жылдам бейімдеу мақсатында білім ордаларындағы психологиялық қызметті (қабылдау комиссиясынан деканаттарға дейін) бүгінгі жаһандану талаптарына сәйкестендіру міндеті туындайды. Тіпті, министрлік тарапынан жоғары оқу орындарында әлеуметтік-психологиялық арнайы қызмет құрылымын енгізу қажеттігі сұранып тұр.

Соңғы уақытта қоғамда, әр түрлі деңгейде, әсіресе жастар арасында дінге, діни ұйымдар мен бірлестіктерге және діни ағымдарға байланысты әр түрлі көзқарас қалыптасты. Бұл түсінікті де, өйткені, біріншіден, Кеңес одағы ыдырап, дінді «апиын» деп жариялаған коммунистік ұстаным келмеске кеткеннен кейін елдің рухани өмірінде идеологиялық вакуум пайда болды. Екіншіден, 1992 жылғы 15 қаңтарда қабылданған «Діни қызмет бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңның осал тұстарын пайдаланып елімізде тарихи тамыры жоқ әр қилы ұстанымдағы діни ұйымдар **мен** ағымдар **көбейіп кетті**. **Ресми** мәліметтерге қарағанда, Қазақстанда ислам дініндегі 2500-ге жуық мешіт, православие бағытындағы 300-ге жуық орыс шіркеуі, католиктік 83 рим-католиктік приход, протестанттық 1300-ге жуық ұйым, иудаистік 5 синагог тіркелген. Басқа конфессиядағы будда, Кришна, саентология, Иегова куәгерлері және т.б. көптеген діни ұйымдар мен бағыттарға ислам дініндегі салафит, тақфир, ата жолы, бақай, сүлейменшілер

сияқты ағымдарды қоссақ, бүгінде жастардың дәстүрлі дін жолынан адаспауына кепілдік жоқ. Қазақ даласы - Азия мен Европаны, Батыс пен Шығысты байланыстырып жатқан маңызды буын, түйінді көпір. Халқымыздың ғасырлар *бойы* қалыптасқан рухани дәстүрлері әлемдік өркениеттің ғаламдық мәдениетімен бейбіт-қатар ұштасуда. Жаһандану жағдайында, өмірдің өскелең талаптары соны *міндет жүктегенде «Діни қызмет және діни бірлестіктер* туралы» жаңа Заң қабылданды. Дегенмен, жастардың діни сауатын ашу, олардың бойында діни экстремизмге қарсы тұра алатын иммунитет қалыптастыру мақсатында жоғары оқу

орындарында «Дінтану» пәнін енгізетін уақыт әлдеқашан жетті деп ойлаймыз.

Халқымызда «ағаш қисық өссе, бағбан кінәлі» деген даналық тұжырым бар. Оқытушының өз ісіне берілген, кәсіби мамандығын шыңдай білетін, жоғары интеллектуалды, мәдениеттілігімен жастарды ұйыта білетін - оқытушының - тәрбие жұмысындағы рөлі ерекше болмақ. Оқытушы - тұлға. Болашақ маман дайындаудың барлық жауапкершілігін сезінетін оқытушыны бағалап, оның қадір-қасиетін дәріптей білсек ұлттық тәрбие *негізінде* қаланып жатқан ортақ үйіміздің керегесі берік, шаңырағы биік болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27 шілде, 2007. №319-III ҚРЗ.
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Қазақстан халқына Жолдауы. Астана. 2011.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы. «Санат», 1995.
4. Пірәлиев С. Ұлттық тәрбие және жаһандану. «Егемен Қазақстан», 27 қараша, 2009.
5. Молдағалиев Б.А., Маденова Л.М. Тәрбиелеу теориясы. Орал, 2009.
6. «Егемен Қазақстан», 11 қараша, 2011.
7. «Қазақстан мектебі». №7, 2011.

Резюме

В статье обсуждается актуальная проблема на сегодняшний день - национальное воспитание. Существует необходимость высказать молодому поколению свое мнение по этому поводу. Все изложенные в статье мнения достаточно откровенны и искренны.

Summary

In article the actual problem for today - national education is discussed. There is a necessity to young generation to express the opinion about it. All opinions stated in article are frank enough and sincere.

*Сембаев Руслан Мәлікұлы –
«Қоғамдық пәндер» кафедрасының оқытушысы*

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БОЛМАСА ҰЛТТЫҢ НАМЫСЫ ӨЛЕДІ

Ұлттық тәрбиенің ұтымды тұстары көп. Оны тарих та, таным да, уақыт та әлдеқашан дәлелдеген. Нәтижесі елді еш қарсылықсыз мойындатқан. Дегенмен, Кеңес Одағының тұсында осы ғасырдан ғасырға жалғасқан ұлттық

салт-дәстүрдің, бабалар тәрбиесінің шет қалғаны ешкімге жасырын болмаса керек. Ұлттық құндылықтар ұмыт қалған осы бір жылдардың зардаптары осы күні анық білініп отыр. Қазақты тәрбиенің бастауы болған дүниелерді былай

қойғанда, ана тілін білмейтіндердің көбеюі қасіреттің қоюланғанын көрсетеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында осы ақтаулардың орнын толтыруға көп жұмыстар жасалды. Ұрпақ тәрбиесіне басқаша сипат беріле бастады. Қазақ тілінде төл мәдениетімізден, салт-дәстүрімізден хабар беретін басылымдар, оқулықтар жарып көрді. Әрбір туылған баланың тұяғы таза, нағыз қазақы тәрбие алған танымы жоғары болуы үшін түбегейлі өзгерістер жасалды. Үлкен ықыласпен басталған осы бастамалардың кейіннен солғын тартып, бастапқы қарқынынан ажырауы әрине өкінішті.

Өсіресе, бала тәрбиесіне батыстың болмысын тықпалағанымыз көңілге сыймайды, күманды көбейтеді. Әркімге еліктейтініміз, әлдекімдерге ұқсауға тырысатын көрсеқызарлығымыз жап-жақсы басталған істерді тежегені анық. Айталық, «Немістер ұл-қызын еркін өсіреді екен», - дедік те, бұған дейін қазақы қалыптан шықпаған балаларды жібердік жайына. «Ойбай, Америкада оқушылар қалаған пәнін оқытады екен. Вундеркиндтердің бұл елде жиі шығатыны содан екен», - деген бір құрыған әңгіме шықты. Ести сала орта мектептердің барлығында реформа басталды да кетті. Біреулер тек әдебиетке, біреулер математикаға, енді біреулер химияға бейімделетін болды. Мына дүрбелеңнен кейін мықты мамандар шығуы керек еді. Өзгерген ештеңе жоқ. Біраз уақыттан кейін таз қалпымызға қайта келдік. Әуелі бұрынғы оқу жүйесінің ізін таба алмай далбасаға түскеніміз тағы бар. Бұған не себеп? Өйткені, бізде олай оқытуға негіз жоқ болатын. Дайындықсыз едік бұл уақытта. Ал, ешқандай мүмкіндігіміз болмағанына қарамастан барлық оқушылардың, бүкіл оқу жүйесінің тағдырын тәлкекке салғанымыз қалай?

«Шетелде бала тәрбиесімен Психологтар айналысады екен. Шіркін, бізде де солай болса ғой», - деп қиялға беріліп жүр едік, ол арманымыз да әп-сәтте орындала кетті. Бүгінде мектептерде психологтар да, мектеп инспекторлары да бар. Бірақ, солардан не пайда көріп отырмыз, белгісіз. Немесе біз оларды дұрыс пайдалана алмай отырмыз. Қалай жұмсау керегін, балалармен қалай жұмыс істеу керегін меңгере алмаудамыз. Мұны ашық мойындағанымыз дұрыс. Егер осы психологтар мен мектеп инспекторларының арнайы бағдарламалары болып, оқушылармен жұмыс істеуі жолға қойылса қазіргідей суицид мәселесі ушығып тұрмас еді. Ал, тәжірибе көрсетіп отырғандай, бүгінде бұл қызметте жүргендердің көпшілігі мектепке барып келгенін,

әр күнінің тыныш өткенін ғана ойлайды. Бұл жерде ұлттық тәрбие туралы сөз қозғаудың өзі артық.

Қисынсыз өзгерістер жасап, көрінгенге еліктеуден бұл күні біз де, білім саласында жүрген мамандар да әбден шаршаған. Қайранда қалған балықтай дел-сал күйдеміз. Еліктеуден не ұтқанымызды қайдам, намыс, жігер, ұлттық тәрбие жағынан ұлығымызға шұба жоқ. Айталық, қазір баласы мектепте оқитын ата-ана жоғары сынып оқушылары тарапынан жасалатын әлімжеттік туралы жиі айтады. Ал, мектептегі әлімжеттік бүгін көтеріліп отырған мәселе емес. Ол бұрыннан бар. Тек, айтыла бермейтін. Бұрын да жоғары сынып оқушыларынан таяқ жеген балалар көздерін көгертіп партада отыратын. Кім ұрса да солардың беретін жауабы: «Өзім құлап қалдым», - дегеннен ауытқымайтын. Өзінің құлап қалғанына өзі сенбесе де өзгелерді сендіретін еді сол балалар. Қазір ше? Бүгінгі күні ұрып кетті, соғып кетті деп бір-бірінің атынан арыз жазып, ішкі істер бөлімдерінде сандалып жүретін сыныптастар да, көршілер де, тіпті туыстар да көп. Бір-бірін бопсалаған жұрт. «Анау жағамды жыртып кетті, пәленбай мың берсін, әйтпесе соттатам», «Мынау аяғымды басып кетті, өтемақы төлемесе көзіне көк шыбын үймелетем», - деп адамдық намысты аяқасты еткен сергелдең сауда. Намыс қайда? «Өзіндей баладан таяқ жегенің не? Жігерің жоқ па?» - деп ұлын жанытын ата-ана азайған ба деп ойлайсың осындайда. Оның орнына: «Баланы ұрғанды көрсетейін. Мен ешкімге кеудемді бастырып отыра алмаймын», - дейтін кеудемсақ әйел көп. Әйел басқарған үйдегі тірлік қой бұл. Азаматы айбынды отбасы орнықты ұл өсіргісі келсе: «бізді ештеңеге араластырмай, өз мәселенді өзің шеш», - демес пе еді?! Әке-шешеге сеніп, өз бастарын қорғауға шамасы келмейтін балалар ертең елдің намысын қалай қорғайды, беймәлім. «Төбелесте нең бар? Ондай ортаға тап келсең ақырын сытылып қашып кет», - деген табанды тәрбиенің кесірінен бүгінде талай ботагөз жол үстінде жәбір көріп, қарттар тапа тал түсте тоналып жатқан жоқ па?

Намыс деген қазір ақшаға, билікке тәуелді ұғымға айналды. Қазақы намыстың құны арзандамаса, кеше өзіміз космонавт болады-ау деп үлкен үмітпен баптаған Мұхтар Аймаханов Ресейдің азаматтығын алуға жанын салар ма еді?! «Осы елдің азаматтығын алсам, бала күннен космосқа ұшсам деген арманыма бір табан жақындар едім», - дейді тағы ақталып. Ұлттық мүддеден өзімшіл арманның биік болғаны ғой

сонда. Осындай әңгімені естіп тұрып кілең басқа ұлт өкілдерінен құралған жеңімпаз гандболшы қыздарға «Неге әнұранды білмейсің? Білдей бір мемлекеттің ұлттық маршы айтылғанда қолыңды жүрегіңе апарып, әнге неге қосылмайсың?»-деп қалай айта аларсың? Жүректері ел деп тебіренбесе де олар бізге жеңіс әкеліп тұрған жоқ па?

Күні кеше Азиада өтті. Дүбірлі додаға қатысатын 250-ге жуық спортшының 35-тейі ғана қазақ. Жарыс алдында тұрған жүйріктерге «Әнұранды жаттап алып, қосылып айтатын болыңдар», -деудің өзі ұят емес пе? Қазақстан жерінде тыныстап, тамаша тірлік кешіп жатқан спортшылар ұяты болса екі жол әнұранды ешкімнің нұсқауынсыз жаттап алмас па еді. Кісі қолына қараған күн құрысын дегенді данагөй қарттар осындайда айтқан шығар. Ал, анау Астана темір жол вокзалындағы дөкейлердікі не тірлік? Вокзалдың дәл мандайшасына «7 Қысты Азия ойындарына қош келдіңіздер!»-деп қойыпты пақырлар. Сырттан келетін қонақтар бәрібір қазақша түсінбейді деген немкеттілік пе бұл? Мемлекетаралық үлкен шараны өткізгелі отырып, мемлекеттік тілде бес сөзді қатесіз жаздырта алмау рухсыздың тірлігі емей не? Тәуелсіздік мерекесін Жаңа жылдың жарқылының астына көміп тастауда ұялмайтын қазақылықтан не күтеміз бұдан басқа.

Мұның барлығы ұлттық тәрбиенің ұлт

санасынан өшіп бара жатқанының кесірі. Егер әрбір мектеп, жоғарғы оқу орындарында шетелге еліктегеннен гөрі ұлт тарихына, ұлт болмысына көбірек назар аударылса, көптеген заңсыздықтардың алдын алар едік. Намыс пен ұлттың тәрбиенің егіз ұғым екенін ескерсек, бұл жолдағы тәрбиеден ақпарат құралдары сырт қалмауы керек, Мысалы, бізде тек қазақ тілінде хабар тарататын арна биыл ғана, тәуелсіздіктің жиырма жылдығының қарсаңында ашылды. Оған дейін мемлекеттік телеарналардың өзі қазақ тіліндегі хабарларды орыс тіліндегі хабарлармен теңдей етіп беріп келді. Оның өзінен де көзбояушылықты, немкеттілікті байқау қиын емес. Себебі, қазақ тіліндегі таратылатын хабарлардың көпшілігі аударма-хабарлар. Олардың насихаттайтыны - шетелдің батырлары. Шетелдің таным-түсінігі, шетелдің түйсігі. Сондықтан да, біздің балаларымыз Алпамыс, Қобыландыларды ауызға алмайды, сол батырлар секілді абыройлы, асқақ болуды армандамайды. Олардың еліктейтіні - Шрек, Бэтман сияқтылар. Бұл біздің ұлттық қасіретіміз. Қазақтың өнеге мен тәрбиеге толы термелерін тыңдамай, шетелдің тілі түсініксіз айғайшыл әндерінің бағын жандырып отырған да осы телеарналар. Ал, бала тәрбиесіне өздерін жауапты сезінсе, осы ақпарат құралдарының басында отырған азаматтар қазақылыққа, қазақтың дәстүріне, мән беретін еді ғой.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, «Ана тілі», 1992
2. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. Алматы, «Жалын», 1991.
3. Асыллов Ұ., Нұсқабайұлы Ж. Әдеп: инабаттылық дәрістері. Оқу құралы. - Алматы, «Рауан», 1998.

Резюме

Автор статьи пишет о воспитании будущего поколения. В условиях реформирования всех сфер общественной жизни нашего государства одним из важнейших вопросов, стоящих перед органами власти и управления, является вопрос о воспитании молодого поколения, принятии эффективных мер по борьбе с детской безнадзорностью, преступностью среди несовершеннолетних.

Summary

In the terms of reforming of all spheres of our state's social life governing bodies should pay special attention to the issues of youth's educating, taking of effective measures to overcome children's neglect and criminality of minors. Therefore, determination of main reasons for children's deviate behavior is an actual issue for the state.

**Шеңгелбай Айда Айдынбекқызы-
педагогика және психология магистрі,
жастар саясаты бөлімінің маманы**

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ӘДЕБИ МҰРА ҮЛГІЛЕРІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Елімізге бойында ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дамыған, егеменді елімізге аямай қызмет ететін, ой-өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да салауатты азаматтар қажет», -деп жас ұрпақ бойындағы ұлттық патриотизмді қалыптастыру ісінің ел өміріндегі маңызына айрықша көңіл бөлген болатын.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарында: «Жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру» қажеттілігі баса атап көрсетілген. Мұндай мазмұндағы мемлекеттік талап-міндеттер бүгінде жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру ісінің жалпы ұлттық сипатқа ие болып отырғандығы көрсетеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; ... жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдайлар жасау арқылы ой-өрісін байыту; ... отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту; ... оқытудың жаңа

технологияларын енгізу және тиімді пайдалану» деп атап көрсеткен.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих-жақсы мұғалім, ол халықтың өзін өзі құрметтеуге қалай өтетінін есіңе түсіреді» деген айшықты ойы Конфуцийдің «Тарихқа қарап, жаңаны жасауға қабілетті адам мұғалім болуға лайықты» деген тұжырымымен үндесіп жатқандағы білім мен ұлттық тәрбиенің таусылмас қазына мен парасат қоры екенін тағы да айқындайды. Елбасының «Дүниеде тәуелсіз қазақ елі бар. Әлемде егемен Қазақстан бар. Оның көп ұлт, тату, ынтымақшыл халқы бар. Қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі бар. Ең бастысы- бүгіннен нұрлы, бүгіннен кемел болашағы бар. Сол күнге деген берік сенім бар» деген тұжырымы барлық негізге ие.

Қазақ халқының бір туар данышпаны Бұқар жырау «Жаманнан жақсы туса да, жақсыдан жаман туса да, адамның ата-тегінен деген. Қазақ сонау ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан, тұқым қуалайтын барлық жақсы қасиеттердің жиынтығын «тек» деген ұғымға сыйғызып, ондай адамдарды «текті» деп бір ауыз сөзбен сипаттаған. Ұлттық ерекшеліктерін қатаң ұстап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуіне осы тектілік негіз болғаны хақ. Тәрбиедегі негізгі түп-тектілік, оның тамырын, өмір тұрғысын дұрыс қалыптастыру ата-ананың негізгі міндеті. Ол міндетті дұрыс атқару үшін олардың өздері баласына өнеге болуы тиіс. Этнопедагогикалық проблемалармен айналысушы ғалым А.Э. Измаилов: «Халық педагогикасы ұрпақтан-ұрпаққа көбінесе ауызша түрде жалғасып келе жатқан, халықтың тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің жемісі, оның іс жүзінде тексерілген і білімінің, мағлұматтарының дағдыларының жиынтығы. Халық педагогикасының ескерткіштері халық

ертегілерінде, аңыздарында, жырларында, мақал-мәтелдерінде сақталып, ұлттық салттары, дәстүрлері арқылы өзінің көрінісін беріп отырады» - деп атап көрсеткен.

Халық қамын ойлаған ерлердің бірі дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы 1836-1838 жылдардағы Исатай Тайманұлы басқарған шаруалар көтерілісінің ең сенімді қолбасшысы, халқының патриоты ретінде танылған. Ол көтерілісті көзімен көріп, соғыс, ерлік туралы тарихи шындықтың шынайы шежіресін жасаған. Отансүйгіштік маңызға ие поэзиямен өшпес мұра қалдырған біртуар күрескер ақын екенін көрсетеді.

Қазақтың гуманист, ағартушы педагогы Ы.Алтынсарин қазақ балаларына оқу-білім бере отырып, елдік, отаншылдық қасиеттерді дарытып, тек қана заман ағымына сай білімді патриот азаматтарды тәрбиелеудің маңызына көп көңіл бөлген.

Қазақ халқының ұлы ойшылы, философ Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы шығармаларының дені тәрбие, дін, саясат, қоғам, әлеумет, өмір философиясы секілді келелі мәселелерді қамтиды. Оның педагогикалық мұраларының мәні жеке тұлғаның өз еліне, жеріне, бауырларына, ұлтына адал еңбек етуге тәрбиелеумен сипатталады. Сондықтан ақын шығармаларының негізгі бағыты ұлт болмысын айқындауға бағытталады. Себебі Абай шығармаларында «отаншылдық» немесе «патриот» сөздері нақты кездеспесе де, оның отаншылдық идеяны насихаттайтын өсиеті көп. Әлі күнге дейін біз оны қазақ халқының патриот ақыны деп айтылуына жеткілікті көңіл аудармаймыз. Бұл тұрғыда зерттеуші ғалым М.Мырзахметов: «Абайдың халық арасындағы орасан зор ықпалы бар әдеби мұрасын езілген халықтың ой-санасын, азаматтық сезімін ұштап жетілдіру бағытында, қазақ елін топқа, тапқа жіктемей ағартушылар ұстанған таным тұрғысынан танытуға ұмтылды. Абай -бүкіл қазақ атаулының ұлтжанды қамқоршысы», - деп келтіреді.

Шын мәнінде қазақ елі Абай өмір сүрген дәуірде киын-қыстау кезеңді басынан өткізген болатын. Бұл кезеңде қазақ халқының іргесі сөгіліп, елді әркім билеп, Ресей империясының озбыр саясаты және жергілікті болыс- билердің солақай іс-әрекеті елдің тыныштығын бұзған аумалы-төкпелі заман болатын. Ақынның өзі бұл кезеңді:

«Қалың елім қазағым, қайран жұртым,

Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың», - деп сипаттайды

Мұның мазмұны ел бірлігін, оқу-білімді, отаншылдық тәрбие-тәлімді, ағартушылықты насихаттаумен түсіндіреді.

Қазақ халқының бостандығын аңсап, Кеңес өкіметінің әділеттілігі арқылы теңдік алуды мақсат тұтқан жалынды патриот Сәкен Сейфуллин өз еңбектерінде негізінен отансүйгіштік бағытты ұстанды. Оның көптеген еңбектерінде қазақ елінің тәуелсіздігін паш етті. Мысалы:

«Қажыма, ер көңілім, бәрі де өтер,

Сан азап бір күнгідей болмай кетер,

Жарқырап ататын таң әлі-ақ жетер», - деп, өз бойындағы шыдамдылықты бүкіл қазақ елінің жағдайымен салыстыра сипаттайды. Алайда С.Сейфуллин кеңес өкіметінің әділетсіздігімен репрессияға ұшырап, қаза табады. Бірақ оның отаншылдық рухындағы шығармалары өзінің құндылығын жойған жоқ.

Әрбір адам, бір жағынан белгілі бір қоғамның мүшесі бола отырып, ол сонымен бірге ұлттың (этностың) мүшесі болып саналады. Ұлт мәдениеті - ұлт мүшелерінің бәріне ортақ. Бүгінде әр ұлттың өзіндік мемлекеттік статусын алып, егеменді ел болуымен байланысты ұлт мәдениетінің өткені мен бүгінгісіне және болашағына көз жіберу аса қажет болып отыр. Сондықтан ұлттық мәдениеттің тарихына тереңірек көз жіберу-бүгінгі мектеп мұғалімінің басты борышы. Осы тұрғыдан қарағанда мектеп оқушыларын қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеудің білімдікте, тәлімдікте маңызы зор.

Ал қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелерімен көптен бері айналысып жүрген педагог-ғалым С.Қалиев: «Ұлттық салт-дәстүр, ұлттық мінез-құлық, ұлттық сезім осы үш бірлестік ұлттық мәдени мұралардың өзіндік ерекшеліктерінің шартты белгілері дегенді айта келіп, ұлттық сезім дегеніміз өскен елге, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүрге (мәдениетке) деген сүйіспеншілік білдіруі» деп тұжырымдайды. С.Қалиевтің «Халық педагогикасында ауыз әдебиетіндегі көрінісі» атты кітабында халықтың мәдени мұрасы, ауыз әдебиетіндегі ақыл-ой, дене, еңбек және жастарды өнерге баулу, оларды жан-жақты тәрбиелеуде халық тәрбиесін тиімді пайдалану, бала тәрбиесінде үйелменнің ролі және оның ауыз әдебиетіндегі алатын орны сияқты мәселелерді мектептерде оқу-тәрбие жұмысының барысында пайдаланудың кейбір жолдары сөз етілген. Автордың сөзімен айтқанда, өткен ғасырлардағы адам баласының ғылым мен тәжірибе атаулының бәрін жинақтап, оны бүгінгі

күн керегіне жұмсау, халқымыздың еткендегі еңбек және әскери-патриоттық жолдарының әдемі үлгілерін тәрбиенің құралы ету, қазақ ауыз әдебиетінің асыл үлгілерінде педагогикалық ой-пікірлерді оқу-тәрбие жүйесінде қолдануды ұсынған.

Халықтық педагогиканың негізгі мақсаты-өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбексүйгіштікке, өнерге баулу, жанұя, ауыл-аймақ, Отанның ар-намысын қорғай білетін жаны жайсаң азамат тәрбиелеу болған. Осы мақсатты іске асыру жолында отбасы мүшелерінен бастап, ауыл ақсақалдары, көне көз қариялар, ақын, жыршы, жырау, әнші, күйші, термеші сияқты өнер адамдарының белсене қатынасып, ұжымдық тәрбие ісін жүргізушілер болып келеді. Әсіресе, жыраулар өздерінің өлең-жырларымен ақыл-кеңес өсиет өнеге айтумен

болды. Олар сол арқылы айналасындағы тыңдаушы қауымға ненің жақсы, ненің жаман екендігін сездіріп, неден бойды аулақ ұстау керек дегенді айтты. Сөйтіп жастарға ой салып, тәлімгер бола білді.

Өкінішке орай бұдан бұрынғы сөз өнерінен әлемде алдына жан салмайтын қазақ халқының бүгінгі ұрпағының сөзге шорқақ болуы, екі ауыз сөзді жазбай, иініне келтіріп айта алмауы кешегі кеңестік тоталитарлық саясаттың кесірінен деуге болады. Сөзімізді түйіндей отырып, қоғамның жаңа даму жағдайында оқушылардың бойына отансүйгіштік, елжандылық қасиеттерді: туған елін сүю, туған ауылды ардақтау, ақын-жазушылар мен ел қорғаған батырларды ардақтау, еңбек пен өнер, ғылым мен білімді сүюді үйрету басты мұратымыз болып табылатынын ұмытпағанымыз абзал дегім келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасында этномәдени білім беру тұжырымдамасы,
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Алматы, 2010ж.
3. Әбілова З.Ә. «Этнопедагогика» Алматы, 1997ж.
4. Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет.-Алматы: ССРО Мәдениет Қоры Қазақ бөлімі Қазақстан өлкетанушылар қоғамы, 1991.
5. Ламашев Ә.Ы.Алтынсарин және оның достары мен ізбасарлары.- Алматы: Қазақстан, 1988.
6. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1994.
7. Қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері (ұжымдық монография).- Алматы: Ғылым, 2002.
8. Жангелдин Т. С.Сейфуллин (Ақынның революциялық және қоғамдық мемлекеттік қызметі). - Алматы: Қазақстан, 1966.
9. Қоянбаев Ж.Б., Р.М.Қоянбаев «Педагогика» Алматы, 2002ж.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы формирования патриотизма у молодого поколения на основе литературного наследия казахского народа.

Summary

This article deals with issues of Kazakhstan patriotism formation in the younger generation on the basis of Kazakh nation's literary heritage.

Алимов Айтбай Айткенұлы-
«Мал шаруашылығы технологиясы және ветеринария»
факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент
Ромашек Канат Мухамедиярұлы-
ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент

БҮГІНГІ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МӘНІ

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық міндеттеріне сай өскелең ұрпақты өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындауда. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Ғасырлар тоғысы» атты ғылыми – теориялық еңбегінде: «Тәрбиенің мақсаты-қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезеңінде саяси – экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ – ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделгіш, жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеп, қалыптастыру» деп атап көрсеткен.



Сурет №1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауын талқылау

салт-дәстүрінен, ұлттық мәдени мұраларынан, ел мен жер байлығын қорғап қалған Қобыланды, Ер көкше, Ер Қосай, Едіге, Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Сұраншы, Саурық, Жанқожа батырлардың ерлік істерінен бастау алады. Сонымен қатар, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, өнеге, нақыл сөздер, өлкетану мұражайларына орналасқан мұрағаттар жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, ерлік сезімді ұялатып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілік қасиеттерді қалыптастыруға игі ықпал етеді.

Біз факультетте: «Студенттерге патриоттық тәрбие беру» бағдарламасында Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру, Отан алдындағы жауапкершілікті сезіну қабілеттерін, қоғам өміріндегі негізгі мәселерді

Біздің ҚазҰАУ мал шаруашылық және ветеринария факультетіндегі тәрбие жұмысының басты өзегі – Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімі қалыптасқан ел мүддесіне деген саналы істерге, мемлекетті нығайтуға, оның ұлттық мүдделерін сақтауға және тұрақты дамуына қызмет ететін патриот жастар тәрбиелеу.

Бүгінгі ХХІ ғасырда Қазақстанда өмір сүріп жатқан жас ұрпақтың бойындағы ерлік пен елдік қасиеттің рухани негізі туып-өскен жері мен елдің



Сурет №2. Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты Б.Тілеухановпен кездесу

шешуде азаматтық көзқарасын қорғай білуді қалыптастыру мақсатында: «Бұл біздің ту», «Бұл біздің Әнұран», «Бұл біздің президент» тақырыптарында акция, «Ерлікке тағзым», «Отан неден басталады?» тақырыптарында І курс студенттерімен кездесу ұйымдастырдық. Қазір факультет бойынша, көтерген туы жығылмай, асқақтаған әнұраны әрдайым жарқын шырқала берсе екен деген тілекпен «Тәуелсіздікке – 20 жыл» деп үлкен кеш ұйымдастырылуда.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары тұрғысында еліміздің Президенті Н.А.Назарбаев мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескере келе былай деп жазады: «Қазақстанда тұратын әрбір адам осы елдің перзенті ретінде сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің



**Сурет №3. Ұлы Отан Соғыс ардагері
Н.Ф.Шуклинмен кездесу**



Сурет №4. Әр ұлт өкілдері

жұмысымыз ілгері баспайды...».

Тобықтай сөздің түйіні: Осындай студентермен кездесу, кештер, акциялар патриоттық сезімді оятып, тілімізді, дінімізді, тарихымызды, салт-дәстүрімізді құрметтеуді үйретеді.

Себебі тіл – қазақ болуымыз үшін;

Тарих – адам болуымыз үшін;

Салт-дәстүр ұлт болуымыз үшін қажет.

«...Еліме деген махаббат – жұдырықтай жүрегімнің түпкірінде орналасқан, өмірге нәр беретін, саркылмас бұлақ, мәңгі алауы өшпей жанып тұрған жалынды шырақ».

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Менің Президентім (Елбасы Н.Ә.Назарбаев туралы пікірлер) // Парасат, 2005, №10
2. Жұматаева Е. Ұлттық мүдде негізіндегі Қазақстан патриотизмі. – Павлодар, 2008
3. Нұрмұратов С.З. Қазақстандық жалпы ұлттық идея: мәні мақсаты, қалыптастыру технологиясы. – Астана, 2002
4. Бурабаев Т. Ұлт менталитеті. – Астана: Елорда, 2001
5. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізі. – Алматы, 2001, 296 бет
6. Пралиев С.Ж. Ұлттық тәрбие негіздері. – Алматы, 2010

Резюме

В статье рассматриваются воспитательные работы, проводимые на факультете технологии животноводства и ветеринарии по формированию у студентов таких качеств, как патриотизм, консолидация молодежи на основе приверженности к общечеловеческим ценностям, обеспечении и сохранении исторической преемственности поколений.

Summaru

In this paper, data are given as the Faculty of Technology Animal Husbandry and Veterinary students spend the formation of qualities such as patriotism, the consolidation of young people through a commitment to universal values, providing and maintaining the historical continuity of generation.

Алданазарова Айгуль Смагуловна
старший преподаватель кафедры
иностраннных языков

АКТИВИЗАЦИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Расширение международных контактов в различных сферах деятельности, существенно повлияло на изменение потребностей и целей овладения языками международного общения. В современных условиях реформирования образования радикально меняется статус преподавателя высшей школы, его образовательные функции, соответственно меняются и требования к уровню его профессионализма.

Активизация познавательной деятельности студентов является одним из условий эффективности и повышения качества учебно-воспитательного процесса. Понятие познавательной активности многоаспектно и многогранно. Главная цель активизации - формирование активности студентов, повышение качества учебного процесса. Познавательная активность оказывает влияние на становление личности обучаемого, на его отношение к самому себе. В то же время познавательная активность является основой для формирования у студентов готовности к личному самоопределению в последующей профессиональной деятельности. Сформированная познавательная активность является важнейшим условием успешности обучения студентов, характеризующим отношение к содержанию и процессу учения. Основная задача любого преподавателя искать и находить новые методы и средства совершенствования урока, которые приводили бы к активизации познавательной деятельности студентов. Овладение современной методикой, проблемный и развивающий подход к обучению, умение создать проблемную ситуацию - все это необходимо современному преподавателю. Ключевой проблемой в решении задачи повышения эффективности и качества учебного процесса является активизация учения студентов. Учение, являясь отражательно преобразующей деятельностью, направлено не только на восприятие учебного материала, но и на формирование отношения учащегося к самой познавательной деятельности.

Эффективные методы обучения способны качественно изменить уровень знаний и повысить

интерес к предмету. Речевое развитие студентов невозможно без развития мышления интеллекта, поскольку именно мышление управляет речью. Развитие творческой активности студентов обеспечивается положительной мотивацией к учению, активизацией учебного процесса. Среди основных характеристик современного процесса обучения проблемность занимает одно из ведущих мест. Для активизации творческих процессов у студентов наиболее подходящим является обучение посредством системы проблемных заданий. Развивающая функция современного урока заключается в развитии у студентов познавательных процессов (наблюдательности, памяти, мышления). Проектная методика является одной из форм организации исследовательской познавательной деятельности. Основная идея метода проекта заключается в том, чтобы перенести акцент с различного вида упражнений на активную мыслительную деятельность студентов в ходе совместной творческой работы.

Модернизация содержания образования на современном этапе связана с инновационными процессами в организации обучения иностранному языку. Все чаще поднимается вопрос о применении новых информационных технологий в обучении студентов. Это не только новые технические средства, но и новые формы и методы преподавания, новый подход к процессу обучения. Основная цель изучения иностранного языка в вузе - формирование коммуникативной компетенции. Коммуникативная компетенция - умение непринужденного общения на иностранном языке в реальных жизненных ситуациях - один из показателей качества овладения языком. Большое значение на занятиях иностранного языка надо придавать развитию навыков разговорной речи студентов, чтобы преодолеть так называемый «языковой барьер». Коммуникативный подход является приоритетом современной методики преподавания. Ведь целью учащихся является овладение языком с целью умения на нем говорить. Урок иностранного языка должен иметь обязательно речевую направленность, ситуативность, на

основе которой и возникает речь.

Активизация познавательной деятельности студентов во многом зависит от инициативной позиции преподавателя на каждом этапе обучения. Характеристикой этой позиции являются высокий уровень педагогического мышления и его критичность, способность и стремление к проблемному обучению. Содержательной стороной активизации учебного процесса является подбор материала, составление заданий. На современном этапе методы проблемного и проектного обучения являются актуальными в вузе. Внедрение в учебный процесс инновационных технологий предоставляет возможность, как преподавателю, так и студентам совершенствовать традиционные формы и методы. Часто преподаватели используют в своей деятельности нестандартные формы урока, такие как: тематические игровые уроки, диспуты, тренинги, круглые столы, пресс-конференции и др. Мастерство преподавателя при этом проявляется в умении создать ситуацию педагогического взаимодействия, где и преподаватели и студенты могут выбирать, оценивать свое поведение, уметь управлять.

Интерес к изучаемому материалу заметно возрастает, если осознается его практическая направленность, созданы условия для обмена мнениями, самостоятельного поиска.

При выборе тех или иных методов обучения необходимо, прежде всего стремиться к продуктивному результату. При этом от обучающихся требуется не только понять, запомнить и воспроизвести полученные знания, но и уметь ими оперировать, применять в практической деятельности. Чем активнее протекает учебно-познавательный процесс, тем продуктивнее его результат.

Результативность обучения иностранному языку зависит от степени активности студента в этом процессе. Основными признаками

познавательной активности являются проявление желания к познанию, активный процесс узнавания новых фактов, высокая степень самостоятельности, познавательный интерес. Для повышения результативности учебного процесса творческий преподаватель всегда должен находить все более эффективные методы и приемы работы. Как было сказано выше, основным видом деятельности на уроке иностранного языка является коммуникация. Цель говорения уточняется коммуникативной задачей. За каждой из коммуникативных задач, возникающих в отдельных речевых ситуациях, стоит общая цель говорения. Чем больше самостоятельности проявляют студенты при решении коммуникативных задач, тем более эффективным будет усвоение и выполнение речевой деятельности. Поэтому при организации обучения следует уделять как можно больше внимания развитию самостоятельного мышления. Использование проблемных коммуникативных задач содействует развитию различных механизмов мышления: ориентации в ситуации, принятию решений, прогнозирования, развивают творческое мышление студентов. Успешность деятельности студента на уроке иностранного языка будет зависеть от того, насколько у него заложена преподавателем мотивационная основа для обучения и самообучения. Позитивные отношения преподавателя и студентов увеличивают степень усвоения материала, а также влияют на процессы внимания и запоминания. Преподаватель должен создать ситуации, предполагающие самоопределение и творческий поиск студентов.

Современная концепция развития образования ставит перед системой образования такие цели, как необходимость развития сильной, инициативной, мобильной, конкурентоспособной личности, умеющей самостоятельно решать проблемы, постоянно возникающие в современном мире.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе. М, 1979. с. 75.
2. Артемов В.А. Психология обучения иностранным языкам. М. 1969., с.279.
3. Торринс Э. Проблемы научного творчества. М.1982, с.27.
4. Педагогическое образование и наука. 2011 г.с. 38.

Түйіндеме

Бұл мақалада шетел тілін оқытуда жоғары оқу орны студенттердің танымдық іс-әрекеттің белсенді етудің әдістері баяндалады.

Summary

The article deals with the activization of the students' cognitive activity. Active cognitive activity offers raising the quality of the teaching process, introduction of innovative technologies of training process in the methods of training projects.

**Джамалов Джалал Джамалович –
заведующий кафедрой физвоспитания и спорта
Ажибаева Салима Жолдасовна –
кандидат биологических наук, доцент
кафедры физвоспитания и спорта
Кондратенко Светлана Анатольевна –
старший преподаватель кафедры физвоспитания и спорта**

**ФОРМИРОВАНИЕ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ – ПРИОРИТЕТНОЕ
НАПРАВЛЕНИЕ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ КазНАУ**

Физическая культура студентов представляет собой неразрывную составную часть высшего гуманитарного образования. Она выступает качественной и результирующей мерой комплексного воздействия различных форм, средств и методов на личность будущего специалиста в процессе формирования его профессиональной компетенции. Материализованным результатом этого процесса является уровень индивидуальной физической культуры каждого студента, его духовность, уровень развития профессионально значимых способностей.

Перед студенческой молодежью сегодня обществом поставлена глобальная социально-экономическая задача по интегрированию отечественного культурного потенциала в мировое сообщество. Однако её реализация по силам только специалистам новой формации, отвечающих целому комплексу профессиональных и личностных качеств современным требованиям. Помимо глубоких профессиональных знаний по избранной специальности такой специалист должен обладать высокими физическими качествами и работоспособностью, личной физической культурой, духовностью, неформальными лидерскими качествами. Он должен не бояться конкуренции, уметь принимать самостоятельные решения, т.е. быть творчески мыслящей,

активной и высоконравственной личностью.

Структура физической культуры студентов включает три относительно самостоятельных блока: физическое воспитание, студенческий спорт и активный досуг (1). Для деятельности студентов в сфере физического воспитания приоритетными являются образовательные аспекты.

Целью физического образования является удовлетворение объективной потребности студентов в освоении системы специальных знаний, приобретении профессионально значимых умений и навыков. В круг обязанностей специалистов, работающих в сфере студенческой физической культуры, входит проведение мероприятий по формированию потребностей студентов в здоровом образе жизни и самосовершенствовании.

Студенческий спорт представляет собою обобщенную категорию деятельности студентов в форме соревнований и подготовки к ним, с целью достижения предельных результатов в избранной спортивной специализации. Это требует от студента проявления максимальных психофизических кондиций, мобилизации его резервных возможностей. Занятия спортом выступают формой самовыражения

и самоутверждения студента, определяя его образ жизни, общекультурные и социально значимые приоритеты. На передний план в спорте выдвигается стремление к успеху, поощряется стремление личности к реализации своих возможностей в рамках определенного спортивного сценария.

В сфере активного досуга реализуются, главным образом, биологические потребности студентов в двигательной активности, здоровом образе жизни, получении удовольствия от занятий различными формами физической культуры.

